

Әділетті Қазақстан

Елдігімізді
қорғаудың
ең басты жолы —
берекелі бірлік.
Бұдан басқа
жол жоқ.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

АКЦИЯ



«МЕЙІРІМДІЛІК
ҚАНЫМЫЗДА!»

2

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



АЛМАТЫ
МЕТРОСЫ

9

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



ЖАҢБЫРЛЫ
ЖАЗ

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

15.06.2023

Түнде:



+22+24 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+31+33 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

16.06.2023

Түнде:



+22+24 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+31+33 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №73 (6366) 15 маусым, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ТАЗА ҚАЛА

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА: ілгерілеу үрдістері



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Шаһар басшысы мен Азия Даму Банкінің президенті
ынтымақтастық мәселелерін талқылады

Азия Даму Банкінің (АДБ) президенті Масацугу Асакавамен кездесуде Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жасыл экономика жобаларын іске асырудағы ынтымақтастық мәселелерін талқылап, банктің қалалық ортаны жақсартуға қосқан баға жетпес үлесін атап өтті.

2

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ: қатаң ескерту жасалды



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«Алматыда 14–16 маусым аралығында жоғары өрт қаупі сақталады»,
деп хабарлады Төтенше жағдайлар департаменті.

Осыған орай, Алматы қалалық ТЖД шаһар тұрғындары мен қонақтарына таулы-орманды алқаптарға барғанда өрт қауіпсіздігі ережесінің талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

- Тамақ жасау үшін арнайы ас пісіру құрылғыларын қолдану;
- темекі шекпеу, тұтанған сіріңке мен темекі қалдықтарын тастамау;
- күн сәулесінде бөтелкелерді, шыны сынықтарын, басқа да тұрмыстық қалдықтарды қалдырмау және шөптің үстіне от жақпау қажет.

6

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Бас прокурор Берік Асылыовты қабылдады.
- Мәжіліс «Кәсіптік біліктілік туралы» заң жобасын қабылдады.
- Сенаторлар сарапшылармен бірге экологиялық туризмді дамыту келешегін талқылады.
- Ерлікпен қаза тапқан 14 орманшы «Құрмет» орденімен марапатталды.
- Қаза болған орманшылардың отбасы мүшелері ұшақпен тегін қатынай алады.
- Геннадий Головкин барлық атағынан бас тартты.
- Алматы хайуанаттар бағы жаңа мекендеушілермен толықты.
- «Қызғалдақ» фильмі үлкен экранға қайта оралды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев пен Coursera жаһандық онлайн оқыту платформасының директоры Джефф Маджионкалда мегаполистің техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында онлайн оқытудың жаһандық платформасын енгізу мақсатында екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылады.



ЖАҒАНДЫҚ ПЛАТФОРМА

Қала әкімі Ерболат Досаев Coursera директоры Джефф Маджионкалдамен кездесті



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Кездесуге Қазақстандағы Coursera директоры Рауан Кенжеханұлы қатысты, сондай-ақ электрондық білім беру саласындағы Bilim Media Group және т.б. компанияларды таныстырды.

Ерболат Досаев атап өткендей, Алматы сервис пен технологияның ең ірі қаласы ретінде оқытудың заманауи құралдарын талап етеді. Жыл сайын техникалық және кәсіптік білім беру саласында қосымша база мен оқыту бағдарламаларын қажет ететін жаңа мамандықтар пайда болуда. Бүгінде Алматы қаласында 85 техникалық-кәсіптік білім беретін ұйым жұмыс істейді, онда 80 мыңнан астам студент оқиды.

Өз кезегінде Джефф Маджионкалда Course-

га цифрлық оқыту платформасы туралы айтты. Бұл – студенттер мен тәрбиешілерге әлемдік деңгейдегі университеттер мен компаниялардың онлайн курстарына қол жеткізуді ұсынатын жаһандық платформа. Coursera өз платформасында 118 миллионнан астам оқушыны біріктіретін ең ірі және беделді жаһандық білім беру экожүйелерінің бірі.

Coursera бірыңғай пакетте қала колледждерінің студенттері мен оқытушылары үшін қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі курстарға, сондай-ақ колледждерді college.smartnation.kz автоматтандыру платформасына және студенттерді жұмысқа орналастыратын beam.kz платформасына қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Кездесу қорытындысында тараптар екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі дамыту, студенттерді онлайн оқытуға кеңінен тарту туралы уағдаласты.

ТАЗА ҚАЛА

ЖАСЫЛ
ЭКОНОМИКА:
ілгерілеу үрдістері

Басы 1-бетте)

Қазіргі күні Алматы қаласының әкімдігі экологияны жақсарту бойынша жан-жақты іс-шаралар қабылдауда. Бекітілген «2025 жылға дейінгі даму және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар бағдарламасы» аясында қоғамдық көлікті экологияландыру және өнеркәсіптік кәсіпорындардан шығарындыларды азайту жөніндегі жобалар іске асырылуда.

АДБ қатысуымен биылғы 31 мамырда «ЖЭО-2»-ні жаңғырту туралы келісім жасалды. «ЖЭО-2»-ні табиғи газға ауыстыру нәтижесінде зиянды шығарындылар жылына 37,3 мың тоннадан 2,7 мың тоннаға дейін немесе 90%-ға қысқарады деп күтілуде. Жобаның Алматыда ауа сапасын жақсартуға және тазартуға қосатын үлесі зор болады. Қоғамдық көлікті жаңғырту есебінен жылына тағы 2 мың тонна зиянды шығарындыларды азайту көзделген. Қала әкімдігі 200 жаңа троллейбус сатып алуды және қолданыстағы 1,2 мың дизельді автобусты газ және электрмен жүретін көлікке ауыстыруды жоспарлап отыр. Газбен жүретін автобустарға арнайы қызмет көрсету үшін 2 автобус паркі мен 5 газ құю станциясы салынады.

Өткен жылы АДБ-мен бірлесіп Алматыда қоршаған ортаны ластайтын ауаның сапасын өлшеуге арналған 50 аспап (PM 2.5, PM10, NO2 қатты бөлшектер) орнатылды, олар «Қазгидрометтің» ақпараттық жүйесімен интеграцияланған және атмосфералық ауаның толық жағдайын онлайн-ре-



жимде бақылауға мүмкіндік береді. Биылғы сәуірде аталған банк тұрмыстық жылыту жүйелерін көмірден таза отынға ауыстыру, қоғамдық көлік инфрақұрылымын жаңғырту, «Алматы – таза қала» және тағы басқа іс-қимыл жоспарын ұсынды. Қазіргі уақытта «Green Almaty» жобалық офисі әрі қарай ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеуде және зерттеуде.

Кездесу қорытындысында тараптар жасыл экономиканы ілгерілету жөніндегі бастамаларды қолдаудың маңыздылығын атап өтті және екіжақты ынтымақтастықты кеңейту туралы уағдаласты. Алматы қаласы әкімдігі мен Азия Даму Банкі арасындағы ынтымақтастықтың перспективалары LRT желісін салу, электр автобустарын сатып алу және зарядтау станцияларын құру, тұрғын үй қоры мен қоғамдық ғимараттардың энергоаудитін жүргізу аясында өрбитін болады.

Нұр ЖАМАЛ,

АКЦИЯ

AMANAT партиясы Алматы қалалық филиалы және Қалалық қан орталығының бастамасымен 14 маусым – Дүниежүзілік қан доноры күніне орай «Мейірімділік қанымызда!» атты жаппай қан тапсыру акциясы өтуде.



Айнұр
СЕМБАЕВА

Алматы қан орталығында бастау алған игі шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова, AMANAT партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы Станислав Канкуров, қалалық мәслихат депутаттары, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, көпбалалы аналар мен жастар қатысты. Акцияның мақсаты – қанға мұқтаж жандарға көмек көрсетіп, қала тұрғындары арасында ұжымдық белсенділікті арттыру.

Жандос Надиров мырза басқаратын Алматыдағы қан орталығы жылдағы дәстүр бойынша Дүниежүзілік қан доноры күніне орай тұрақты түрде қан тапсырып тұратын донорларды марапаттайды. Жандос Қуанышбекұлының айтуынша, биылғы донор күнін атап өтудегі ерекшелік, AMANAT партиясы Алматы қалалық филиалы бастама көтеріп, барлық партия мүшелері, қалалық мәслихат депутаттары, мемлекеттік қызметкерлер, жалпы қала тұрғындары 12–16 маусым аралығында «Мейірімділік қанымызда!» акциясы аясында жаппай қан тапсыруда.

«Әдетте орталыққа күнне 80–100 адам қан тапсыруға келетін, акция басталғалы бұл көрсеткіш екі есеге ұлғайды. Алматыда 350-дей тұрақты қан тапсырып тұратын донорымыз бар. Олар жылына бірнеше рет келіп қан тапсырады. Жыл сайын осы тұрақты донорларымызға Алғыс хат табыстап, сыйлықтар жасап тұрамыз», – дейді директор.

Алматылық Максим атты азамат соңғы он жылдан бері тұрақты қан тапсырып, донор болып келеді. Оның айтуынша, алматылықтар өте мейірімді, көмекке мұқтаж адамдарға қолұшын беруде қалалықтар үнемі бірлік танытады.

«Әлі есімде, қайбір жылдары ұшақ апаты болып, біраз адам ауруханаларға түскенде осы қан орталығына тапсәрісінен 800-дей адам қан тапсыруға жиналған. Сол кезде мен өз қаламның тұрғындарына ерекше риза болдым. Өзім 2012 жылдан бері тұрақты түрде қан тапсырамын. Сол жылы жақын досым көлік апатына ұшырап, шұғыл түрде қан керек болды. Менің қаным жарайтын болғанына қатты қуандым. Сол кезден бері үзбей қан тапсыруда әдетке айналдырдым. Егер науқас адамның аяғынан тұруға себепкер болып жатсам, бұл мен үшін зор бақыт», – дейді ол.

«МЕЙІРІМДІЛІК ҚАНЫМЫЗДА!»

Алматыда жаппай қан тапсыру акциясы жүріп жатыр



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әсем НҮСІПОВА,
Алматы қаласы әкімінің орынбасары:

Ерікті түрде қан тапсырудың
өзі ерлік!

Алматыдағы қан орталығына жиналуымыздың басты себебі, біз қаламыздың ең мейірімді, ержүрек донорларына алғыс айтуды мақсат етіп отырмыз. Өйткені, олар адам өмірін ажалдан арашалауға зор үлес қосып, өздерінің азаматтық борышын атқарып жүр. Жылына 17 мыңнан астам донорлық дегеніміз, бұл өте үлкен көрсеткіш. Алматыда 20 шұғыл көмек көрсететін клиника, қаншама реанимациялық орталықтар жұмыс істейді. Сондықтан қан орталығында үнемі азаматтарға қажетті қан жеткілікті болу үшін тұрақты донорлардың болуы маңызды. Азаматтардың қан тапсыруға ерікті түрде келуінің өзі – үлкен ерлік. Осындай адамдардың ісі көпшілікке үлгі болуға тиіс. Сондықтан қала әкімдігі оннан астам донорға ерекше сыйлықтар әзірледі. Алматы қаласы әкімдігінің атынан барша донорларға шексіз алғысымды білдіремін.

Нұрболат АБАДАН,
донор:

Өзгенің өміріне үміт сыйлағым келеді

Ең алғаш студент кезімде қан тапсырдым. Ол кезде қан тапсырғандарды сабақтан босатады, түскі ас беретін, ақын төлейді. Шыны керек, қызық үшін қан тапсырып жүрдім. Кейіннен маған қан орталығындағы мамандар ауыр науқастарға қанның кейбір компоненттері керек болатынын айтып, хабарласты. Қан тапсыруға келгенімде дәрігер маған жансақтау бөліміне түскен жандарға тромбоцит керек екенін, бұл компоненттің маңыздылығын түсіндірді. Тромбоцитті тура сол науқасқа құятын күні тапсыру керек екен. Есейе келе қан тапсыру, қанның компоненттерін тапсырудың өзім үшін де, өзге үшін де қажет екенін түсініп, донорлықты өмірімнің бір бөлшегіне айналдырдым. Қазір жасым 29-да, банк қызметкерімін. Денсаулығым жақсы, күш-қуатым бар кезде қан тапсыруды жалғастыра беремін. Дүниежүзілік қан доноры күніне орай бізді орталыққа шақырып, марапаттап жатқанына ризашылығымды білдіремін. Елімізде жанашыр азаматтар көп болсын!

ТҮЙІН: Алматы қаласында бастау алған акция жүйелі негізде жалғастырылу үшін еліміздің басқа өңірлеріне де игі challenge ретінде жіберілді. «Мейірімділік қанымызда!», сондықтан акцияға қатысу мүмкіндігін жіберіп алмаңыз!



ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

КӨРМЕНІҢ АЙТАРЫ КӨП



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Алматыда Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының ұйымдастыруымен еліміздің жетекші талдау орталығының 30 жылдық мерейтойына орайластырылған «дөңгелек үстел» және тарихи-құжаттық көрме ұйымдастырылды.

«ҚСЗИ 30 жыл: даму жолы» тарихи-құжаттық көрмесі республиканың дамуы тұрғысынан институттың қалыптасу кезеңдерін айқын көрсетеді. Бұл көрмеде ҚР Президенті Архивінің қорларынан алынған құжаттар және Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының ведомстволық архивінен алынған суреттер ұсынылды.

Сондай-ақ, іс-шара аясында «Қазақстанның стратегиялық дамуының сараптамалық қамтамасыз етуіне ҚСЗИ қосқан үлесі» атты «дөңгелек үстел» өтті. Онда институттың қалыптасуы мен дамуының әртүрлі кезеңдері, аналитика мен стратегиялық шешімдердің ел болашағына қалай әсер еткені туралы айтылды.

«Біз жылдар бойы ҚСЗИ-де атқарылған жұмыстар туралы айтуға жиналдық. Қазақстанның аналитикасына зор үлес қосқан

институт ардагерлері шақырылды. Алдағы 30 жылда Қазақстан саяси зерттеулер институты өзінің жұмысын әрі қарай жалғастырып, еліміздің жетекші аналитикалық институты болып қала береді деп сенемін», – деді ҚСЗИ директоры Еркін Тұқымов.

Жиында аталған саяси орталықтың бағыт-бағдары жөнінде де ой айтылды. Сонымен қатар, дербестік жылдары институттың жүріп өткен соқпағы, жасаған істеріне баға берілді.



ТҰСАУКЕСЕР

МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАР МӘЙЕГІ

Ұлттық кітапханада хореограф Ақмарал Қайназарованың «Үнді классикалық биі. Қазақстан және Үндістан» кітабының тұсаукесері өтті


«Үнді классикалық биі. Қазақстан және Үндістан» кітабында алғаш рет үнді классикалық биінің ұғымы және оның рухани, зияткерлік мазмұны толық қамтылған. Сондай-ақ, кітапта екі елдің мәдениетіндегі би дәстүрінің ұқсастықтары, мәдени байланыс пен Қазақстанда және шетелде стильдендірілген үнді биінің дамуы туралы баяндалған. Кітап 2019 жылы орыс тілінде шығып, биыл қазақ тіліне аударылды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Тұсаукесер рәсіміне ҚР Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев, қоғам қайраткері Мұрат Әуезов, Үндістан елшілігінің бірінші хатшысы Хоти Лал, әйгілі қазақстандық жазушылар мен журналистер, хореографтар, әдебиеттанушылар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Үнді классикалық биінің ең негізгі ерекшеліктерінің бірі – әдебиетпен байланыстылығында. Билердің барлығы белгілі бір шығармаға, эпостардың ішіндегі мифтерге қойылады. Қимыл-қозғалыстар арқылы оқиғаның мазмұны жеткізіледі. Үнді биінің қимылдарының өзі бір ғылым сияқты. Әр қимыл, қозғалыс сөйлеп тұрады.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«Ақмарал Қайназарованың кітабының тұсаукесеріне қуә болғаным қуаныштымын. Автор көп қырлы әрі дарынды тұлға. Ол үнді классикалық билерін жетік меңгерген. Оның би, хореография, халық биі, йога, тіпті журналистика саласында тәжірибесі бар. Ақмарал 1993–2011 жыл аралығында

Үндістанда би және йога бойынша білім алды. Қазақстанның ғана емес, Үндістанның да руханиятына көп еңбек сіңірді деп толық айта аламын. Үнді мәдениеті түрлерін зерттеумен айналысты. Қазақстанда үнді мәдениетін насихаттауда үлкен үлес қосты. Биыл Қазақстан мен Үндістан елдерінің дипломатиялық қарым-қатынас орнатқанына 30 жыл толды. Екі елдің достығында мәдени байланыс ешқашан үзілген емес», – деді Үндістан елшілігінің бірінші хатшысы Хоти Лал.

БӘРЕКЕЛДІ!

ЗАМАНАУИ ҚҰРЫЛҒЫ балалардың көзін қорғайтын болады



Мегаполистегі ең үлкен аудандардың бірі, халық тығыз шоғырланған Алатау ауданында балалардың көз жанарын қорғайтын заманауи орталық ашылды. Салтанатты іс-шара №23 қалалық емхананың 10 жылдығымен орайласты.

Орталық көздің түрлі кеселімен ауыратын жеткіншектерге консультациялық, диагностикалық және емдік медициналық көмектерді тегін көрсететін болады. Ол балалардың көру қабілетін толыққанды тексеретін, бинокулярлық және түсті көру қабілетін диагностикалауға арналған заманауи құрылғылармен, көзішілік қысым тонометрімен, бастапқы диагностикаға өте қолайлы глаукоманы ерте анықтауға арналған кірістірілген компьютерлік периметрмен жабдықталған.

Алатау ауданында бүгінгі күні екі мыңнан астам бала түрлі көз ауруымен ауырады. Енді олар және аудандағы бүкіл бала учаскелік педиатрдың немесе жалпы тәжірибелік дәрігердің нұсқауымен №23 қалалық емханада барлық қажетті офтальмологиялық көмекті ала алады.

Нұр ЖАМАЛ.

БРИФИНГ

Өңірлік коммуникациялар қызметі орталығында өткен брифингте Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Әзиз Қажденбек Алматы қаласында сұранысқа ие мамандықтардың қатарында IT мамандары, банк қызметкерлері, SMM-мамандары мен қолөнершілердің де бар екені жөнінде баяндады.

ТАЛАНТТЫ ЖАСҚА ЖҰМЫС КӨП



Рая
ЕСКЕНДІР

– Қазіргі уақытта бос жұмыс орындарының ең көбі банк салаларынан келеді, негізінен call-орталық операторлары мен инженерлерді іздейді. Сонымен қатар, өзекті мамандықтардың ішінде барлық компанияларға SMM менеджерлері мен мобилорафтар қажет. Осыған байланысты біз жастар арасында танымал өзекті мамандықтар бойынша курстарды іске қосып отырмыз. Қолөнер мамандықтары да сұранысқа ие. Мәселен, электриктер, дәнекерлеушілер және қыш өнері мамандығы бар жастарға жұмыс бар, – дейді Ә.Қажденбек.

Сонымен қатар, қазір қаладағы сұранысқа ие мамандықтың бірі – IT мамандары болғандықтан, арнайы курс іске қосылды. Көптеген бос жұмыс орындары осы салаға қатысты болып келеді. Көбіне бұл бағыт жастарды жоғары жалақысымен қызықтырады.

Сонымен қатар, қалалық Мансап орталығының басшысы Әскербек Насамбаев Jobfair 365 бос жұмыс орындарының цифрлық жәрмеңкесінің іске қосылғаны туралы айта келе, «қалалық мансап орталығы – бұл жұмыс берушілермен, ЖОО түлектерімен және жұмыссыз жастармен тікелей байланысы бар алаң. Біз 18 жас пен 35 жасқа дейінгі жастарды жұмысқа орналастырамыз. Біз сондай-ақ, Jobfair 365 сандық платформасының операторларымыз. Осы жылдың мамыр айында іске қосылды», – деп атап өтті.

Жалпы, аталмыш платформа жұмыс берушілер үшін де, жұмыс іздеушілер үшін де тегін. Мұнда жастар үшін барлық бос жұмыс орындарының тізімі жарияланады. Сондай-ақ, Алматы қаласындағы бос орындар мен іс-шаралар туралы өзекті ақпаратты jasalmaty.kz бірыңғай платформасынан алуға болады.

ЖОЛ ЖӨНДЕУ

ӘЛ-ФАРАБИ ДАҢҒЫЛЫ:

жол жөнделіп жатыр



Айнабай
МӘДІ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

2023 жылы Әл-Фараби даңғылының Торайғыров көшесіндегі жолайрықтан Достық даңғылындағы жолайрыққа дейінгі аралығындағы жалпы ұзындығы 9,3 шақырымды құрайтын бөлігінде орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Қазіргі кезде жөндеу жұмыстары көлік қозғалысын ішінара шектеп қана жүргізілуде.

Жөндеу жұмыстары аясында жолдағы жиектастарды тегістеу қарастырылған. Тегістеу кезінде жиектастар алынып, жолдың бойындағы тиісті деңгейде қайта орнатылады. Жөндеу жұмыстары жүріп жатқан аумақта 34 500 м жиектас болса, соның тек 7683 метрі ғана алынып, сол жерге қайта орнатылады.

Мердігер ұйым өкілдері атап өткендей, жиектастар ауыстырылмайды, себебі олар граниттен жасалған және өте төзімді. Олар тек тегістеледі. «Тегістеу дегеніміз – қисайған жиектастарды алып, қайта орнына орнату. Жол қозғалысы кезінде жиектастарға машиналар тиіп кетуі мүмкін немесе арнайы техника қар тазалау кезінде қисайтып кетуі мүмкін. Жиектас пен жол жабынының арасындағы саңылаулар жол бетінде жарықтардың пайда болуына алып келуі мүмкін. Жұмыс сапасын арттыру үшін асфальтбетон жабынын төсер алдында жиектастар тегіс әрі тік тұруы тиіс», – деді компания өкілі.

Еске сала кетейік, Әл-Фараби даңғылы бұған дейін 2010 жылы жөнделген. Жөндеуаралық мерзімнің өтуіне байланысты тексеру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде жол бойында шұңқыр, ойылған, жарылған, отырған жерлер анықталып, жолдың жағдайы туралы техникалық қорытынды жасалды. Қалалық мобильділік басқармасы хабарлағандай, техникалық қорытынды негізінде аталған учаскелерді орташа жөндеу жұмысы жоспарына қосылды.



ҚАРТТАР – ҚАЛА ҚАЗЫНАСЫ

БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ ОРТАЛЫҒЫ

Алматының барлық ауданында жұмыс істейді

Мегаполисте егде жастағы жандарға арналған 10 «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» бар. Олар шаһардағы аудандарда орналасқан. Өткен жылы қалалық орталық ашылған болатын. Белсенді қарттардың өмірі туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының» директоры Сәуле Бекетаева әңгімелеп берді.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Спикердің сөзіне сүйенсек, орталықтарда тіркелген 33 мың зейнеткерге былтыр 649 мыңнан астам түрлі қызмет көрсетілген. Ал биыл 219 мың қызмет көрсетілді.

«Белсенді ұзақ өмір сүру» жобасының мақсаты – қарттардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру, әлеуметтік-медициналық көмек көрсету және оларды белсенді шығармашылық және қоғамдық өмірге тарту.

«Бүгінгі таңда белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары Алматының барлық ауданында жұмыс істейді. Бұл қоғамдық өмірдің түрлі саласына қатысатын қарттардың ауқымын кеңейтуге, белсенді азаматтардың көбеюі мен олардың өмір сапасының артуына мүмкіндік береді. Жастары егде тартқан адамдарға арналған орталықтар ашу арқылы біз де Жапония еліндегі сияқты жетістіктерге жете аламыз. Жапондықтардың орташа өмір сүру жасы – 84,2, ал Қазақстанда – 75 жас», – деді ол.

Орталықтарда білім беру, сауықтыру, бос уақытын өткізу іс-шаралары тегін көрсетіледі, ал білікті мамандар қарттарға барлық кезеңдерде көмек көрсетеді. Қарттарға кеңінен көрсетілетін қызметтер арасында гериатр, геронтолог дәрігерлердің, психолог мамандардың көмегі бар, емдік дене шынықтыру, айқуне гимнастика-



сы, йога, кинезиология, скандинавиялық жүріс-сынды қызметтер көрсетіледі. Сондай-ақ, классикалық және заманауи би, интеллектуалды ойындардан – шахмат, тоғызқұмалақ бар, сурет, графика, қол еңбегі, IT сауаттылық, вокал, хор және т.б. қатысып, уақытты тиімді өткізуге болады.

«Сонымен қатар, көпшілігі ағылшын және қазақ тілін үйренеді, би және музыкалық ансамбльдер де құрылған. Зейнеткерлердің көбі мемлекеттік электронды қызмет түрлерін меңгергісі келеді, ол үшін смартфон және компьютерлік сауаттылық курстары қарастырылған. Денсаулықты дәрі-дәрмексіз нығайту бойынша сабақтар да сұранысқа ие болып шықты, олардың барысында зейнеткерлерге дұрыс тамақтануды ұйымдастыру, диетология және нутрициология негіздері, бюджетті рационалды құру бойынша әлеуметтік-экономикалық және заңды кеңестер берілген», – деді спикер.

Орталықта жүзеге асырылып жатқан бірегей әрі қызықты жобалардың бірі – агрокрауд-сорсинг. Биыл оған қатысуға 80 адам өтініш білдірген және өз учаскелерін алып үлгерген.

«Алматы облысындағы 29 гектар жер учаскесінде біздің зейнеткерлер жеміс-жидек пен бау-бақша өсіреді, яғни ауылшаруашылық еңбегіне тартылған. Осы арқылы табиғатта демалып, денсаулығын нығайту мүмкіндігіне ие болады. Қарттарға немерелері де көмектеседі, олар егінді бірге суарып, күтіп-баптайды. Жас мезгілінде қыс қамын да жасайды. Ал өздерінен артылған өнімдерді «Бақытты отбасы» орталықтарындағы көпбалалы аналар ашқан әлеуметтік дүкендер арқылы сатуына мүмкіндігі бар», – дейді С.Бекетаева.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарына бару арқылы қарт адамдар өздерімен қызығушылықтары бір адамдарды табады, тіпті отбасын құратындар да кездесіп жатады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС мамандарының хабарлауынша, 15 маусымда сағат 22.00-ден 16 маусым, сағат 10.00-ге дейін Алматы қаласының Түркісіб ауданында Сейфуллин даңғылында, Кипренский көшесінен Анна Никольская көшесіне дейін көлік қозғалысы уақытша шектеліп, көшедегі қозғалыс жүрісі екі жақтан да жабылады.

Жол уақытша жабылады



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Шектеулер аталған көше сегментінің жүріс бөлігінің астынан өтетін магистральдық құбыр учаскесінде жоспарлы жұмыстарды жүргізу үшін енгізілген. Мәжбүрлі қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды және көрсетілген учаскені айналып өту жолдарын алдын ала қарастыруды сұраймыз.



ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС



Дүкен сот шешімімен бұзылды

Қала құрылысын бақылау басқармасының мәліметінше, дүкен ғимараты «Шұғыла» шағынауданы, Жүнісов көшесі, 47-үй мекенжайында заңсыз тұрғызылған.

Меншік иесі рұқсат құжаттары жоқ тұрғын үйді пайдалануға және қызмет көрсетуге арналған учаскеде өз бетінше заңсыз құрылыс жұмыстарын жүргізген.

Басқарма меншік иесіне қатысты жоспардан тыс тексеру нәтижесінде ҚР ӨҚБТК-нің 316-бабы 1 б., 321-бабы бойынша әкімшілік шаралар қабылдады және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берді.

Меншік иесі ұйғарым талаптарының орындалуы туралы ақпаратты тиісті уақытта басқармаға ұсынбаған, нәтижесінде 15.09.2022 жылы Наурызбай аудандық сотына заңсыз нысанды бұзу туралы талап-арыз берілген.

07.12.2022 жылы Алматы қаласы Наурызбай аудандық сотының шешімімен талап-арыз толық көлемде қанағаттандырылды. Сот шешімін орындау үшін меншік иесі нысанды бөлшектеу арқылы сүрілді.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

БРИФИНГ

АНА ДА, БАЛА ДА ЗОРЛЫҚ КӨРМЕСІН

Отбасылық-тұрмыстық күш көрсеткені үшін жауапкершілік қатайды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасы басшысының орынбасары Диас Дуанбеков айтты.

Биылғы бес айдың қорытындысына сүйенсек, күнделікті тұрмыстағы құқық бұзушылық көрсеткіші бұрынғыға карағанда 2,6 есеге азайған. Диас Дуанбековтың айтуынша, тұрмыс барысында кездесетін қылмыстардың ішінде адам өлтіру және дене жарақатын салу оқиғалары жиі кездеседі. Мұндай келеңсіз оқиғалар көбіне алкогольдік ішімдік салдарынан, қызғаныш пен тұрмыстық ұрыскерістен кейін орын алатын көрінеді. Отбасылық-тұрмыстық өмірде кездесетін қылмыстық жағдайларды шектеудің бір жолы – құқық бұзғандарды профилактикалық есепке алу және оларды әкімшілік жауапкершілікке тарту.

Полицияның айтуынша, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың негізгі себебі – ішімдікке салыну және жұмыссыздық. Мас күйде жасалатын қылмыстардың алдын алу мақсатында 5 айдың қорытындысы бойынша 101 адам мәжбүрлі түрде емдеуге жіберілген. Алкогольді өнімді сату ережелерін бұзғаны үшін 199 әкімшілік іс сотқа жолданды.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында қалалық Полиция департа-



ментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастамасымен биылғы 15–17 ақпан және 27–29 наурыз аралығында «Тұрмыс» жедел алдын алу іс-шарасы екі мәрте өткізілді. Ал 16–18 мамыр аралығында қала аумағында «Зорлық-зомбылықсыз отбасы» акциясы ұйымдастырылды.

Брифинг барысында полиция өкілі 1 шілдеден бастап әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер енді жәбірленушінің өтінішінен тыс-ақ қозғалатынын, ал тұрмыстық зорлық-зомбылық дерегі бойынша хаттама куәгерлердің, көршілердің берген айғағына және бейнебақылау камераларының жазбаларына сәйкес жасалатынын айтты.

«Біз бұрын зорлық-зомбылық құрбаны болған адамнан өтініш жазуды сұрап, содан кейін барып жауапкершілікке тартқан болсақ, енді басқаша

әрекетке көшеміз. Мысалы, әйел адам ауруханаға түсті делік, оған полиция жасағы барады, жәбірленуші өзіне зәбір көрсеткен адамына шағым айтып арыз жазғысы келе ме, жоқ па, оған қарамай, тиісті шешім қабылданады. Сондай-ақ, отбасылық-тұрмыстық деңгейде жасалған құқық бұзушылықтар үшін 5-тен 20 тәулікке дейін қамауға алу жауапкершілігі қарастырылған. Сонымен қатар, қылмыстық жауапкершілік те күшейді», – деді спикер.

Тақырыпты «Дағдарыстар орталығы одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрайымы Зұлфия Байсакова жалғады. Қазақстан бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған 36 дағдарыс орталығы бар. Солардың бірі – Алматыда орналасқан «Жансая». Оның есігі тәулік бойы ашық.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Зұлфия БАЙСАКОВА, «Дағдарыстар орталығы одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрайымы:

«Жансаядан» сая тапқан

Біздің одақ өкілдері әлеуметтік зерттеу жүргізгенде, әрбір 6-шы баланың зорлық-зомбылықтың куәсі болғанын анықтадық. Мысалы, «Жансая» дағдарыс орталығын келіп паналаған 6649 адамнан жартысынан көбі балалар және бұл өте өкінішті жағдай.

Алматы – тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек алуға болатын ақпараттар мен телефон нөмірлері көрсетілген 164 баннер орналастырылған жалғыз қала. Мысалы, анонимді көмекті «150» сенім телефоны арқылы алуға болады. Сондай-ақ, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны болған әйел 8 771 450 34 50 WhatsApp нөмірі арқылы хабарласуына болады.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

«АЛМАТЫ ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІ»

төлемді уақытылы төлеуге жауапкершілікпен қарауға шақырады

Алматылықтардың ыстық су мен жылу жүйелеріне шамамен 1, 8 миллиард теңге қарызы бар.



Айнабай
МӘДИ

«Алматы жылу жүйесі» мекемесі ұйытқы болған арнаулы рейдке инспекторлар, арнаулы мамандар бар мобильдік топ құрамында қаламыздың бірқатар аумағында орналасқан жылу жүйесіне қарызы қордаланған бірқатар нысан мен пәтерді араладық. Ұзын-ырғасы оншақты жерде болдық. Байқағанымыз, борышкерлер арасында пәтерінің аумағы кең әрі жайлы тұрғындар да бар. Жағдайы жаман еместігі көзге ұрып тұр. Абылай хан даңғылындағы 33-үйдегі 200 мың теңгеді қарызға батқан борышкердің пәтеріне жеткенімізде аңғарғанымыз осы. Бірақ не себепті төлемді уақытылы төлемегені түсініксіз.

Шәріпов көшесіндегі 117-үйдегі борышкер пәтеріне жеткенімізде есікті пәтер жалдаушы ашты. Бұл сапар мамандардың пәтерді судан ажыратып, инспекторлардың акт толтыруымен аяқталды. Білгеніміз, бүгінге дейін пайдаланылған жылу энергиясы (ыстық су мен жылыту) үшін тұтынушылардың берешек қарызы шамамен алғанда, 1,8 млрд теңгеге жетіп жығылған. Аз қаржы емес. Соның ішінде, тұрғындар тарапынан «Алматы жылу жүйесі» («АлЖЖ») ЖШС-іне төленбеген қарызы – 659 млн теңге. Бұған қоса, «АлЖЖ» ЖШС-ның жылу көздері алдындағы берешегі – 4,2 млрд теңге.

Қысқасы, тұтынушылар тарапынан жылумен жабдықтау қызметіне төлеуден туындаған олқылық алдағы жылыту маусымының толықтай дайындығы мен әзірлікті тиісті деңгейде қамтамасыз етуге кері әсер ететін түрі бар. Коммуналдық кәсіпорын қызмет көрсетушілер алдында өз



міндеттемесін көтеріп, жылу энергиясын жеткізу көздеріне акы төлеуі керек. Ал бұл мекеменің өз кезегінде отын сатып алуды жүргізіп, шаруашылығын күзгі-қысқы кезеге дайындауы керектігін ойға алсақ, қарыздың кесірі алдан шығары сөзсіз.

Бұдан басқа, «АлЖЖ» ЖШС жылу беру маусымына дайындық барысында желілерді жөндеп, дайындау қызметкерлерге еңбекке төлеу мен басқа да бірқатар іс-шара алдын тосып тұр. Жосықсыз тұтынушылардың жылумен жабдықтау қызметіне дер кезінде төлем төлеуі жылыту маусымының дайындығына керекті әсер етуі өз алдына, қауіпі де жоқ емес.

Солай бола тұра, «АлЖЖ» ЖШС қол қусырып отырмай, жосықсыз азаматтардан

қарызын өндіріп алу үшін бірқатар шара қабылдайтын болады. Заң – баршаға ортақ. Сондықтан бұл жағдайда «қарыздың көптігі – амалдың жоқтығы» күн сайын жылу жүйесіне қарызы бар ондаған төлеушіні ыстық судан айыратын болады. Жыл басынан бүгінге дейін «АлЖЖ» ЖШС 2140 тұтынушыны 415 млн теңге қарызы үшін жылудан ажыратып, 897 млн теңге қарызы бар 1122 борышкерге қатысты талап-арыз тиісті орындарға жөнелтілді.

– Біз борышкерді жылу жүйесінен бірден өшірмейміз. Бастапқыда «АлЖЖ» ЖШС бірқатар алдын алу шарасын жүргізеді, төлем жасамаған тұтынушыға берешегі туралы хабарлайды. Борышкер

хабарлама алған соң да төлем турасында құлық танытпаса, әрекет етпесе, ондай жағдайда бұл нысан (пәтер) жылу энергиясынан ажыратылып, материал сот органдарына беруге әзірленеді, – деп мәлімдеді «Алматы жылу жүйесінің» ресми өкілі Наталья Инкина.

Сот тәртібімен қасақана төлеушіден қарыз өндіріп алынады. Қазекемнің «ұрыста тұрыс жоқ» дейтіні осындайда еске түседі. Бір білгеніміз, борышкердің мүлкіне, оның көлігіне, қаржылай шотына тыйым салынады. Сондай-ақ, борышкердің елімізден тысқары аймақтарға шығуына шектеу қойылады. Бұдан басқа, атқарушылық іс жүргізу шеңберінде құжаттандыруға тыйым салу (мемлекеттік органдардың құжат ресімдеуі), қызметтің барлық түріне лицензияны тоқтата тұру тәрізді қосымша шара қабылданатыны тағы бар.

Мұнымен бірге, мемлекеттік кредиттік бюросының талап етуімен борышкер туралы ақпарат беріледі. Несие беру кезінде коммуналдық қызмет бойынша борыштың болуы ескеріледі. Сот шешімі заңды күшіне енген кезде жеке сот орындаушысы жылжымалы және жылжымайтын мүлікке тыйым салады. Жылу жүйелеріне берешекті өндіріп алуға қатысты іс-шара тұрақты түрде жүргізіліп жатқанынан хабардар болдық. «АлЖЖ» ЖШС қала тұрғындарын қарызын тезірек бабұға, сондай-ақ коммуналдық қызмет үшін төлемді уақытылы төлеуге жауапкершілікпен қарауға шақырады.



КЕРЕК ДЕРЕК

* Көлемі 206 млн теңгелік 655 банктік шот қамауға алынды.

* Қарыздың жалпы көлемі 176 млн теңгені құрайтын 258 борышкерге ҚР-дан шығуға тыйым салынды.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Алматы агломерациясына кіретін елдімекендерден қалаға келіп жұмыс істейтіндер көп. Олардың қатары жыл сайын емес, күн сайын артып келеді. Бірақ бұл жағдай әлеуметтік қажеттілікті жедел шешуде тиісті мәселелер туындатуда. Әсіресе, қоғамдық көлік қатынасы бүгінгі күні күрмеуі қиын мәселеге айналып тұр.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мегаполистің ішіндегі қоғамдық көлік қызметіне анау айтқандай сын болмағанымен, сырттан қатынайтын автобустарға қатысты шағым көп. Өздеріңізге мәлім, Алматыдан қаланың шеткері аудандарына бірнеше бағыт бойынша көбінесе ескі, шағын автобустар қатынайды. Олардың өзі сапалы болса, қанеки! Мәселен, №203 автобус Құлжа тас жолы бойымен Алматы – Талғар бағытына жолаушы тасымалдайды. «Думан транс» ЖШС-не қарайтын қоғамдық көлік «Саяхат» автобекетінен адам алады да, Құлжа тас жолы бойымен Талғарға дейін барады. Бірақ №203-тің жүргенінен жүрмей тұратын уақыты көп. Техникалық талаптарға сай болмаған соң жиі бұзылады. Санитарлық тазалығы да сын көтермейді. Сынған орындықтарын өзінің белдігімен тікейтіп байлап, матап қойған, іші де, сырты да өте лас. Өбден жолдың машақатын көрген жолаушылар автобусты соңғы аялдамадан күтіп алып, отыруды әдетке айналдырған. Көлік «Саяхатқа» жеткенше-ақ осылай адамға лық толып алады. Сөйтіп, шамамен елу жолаушыға шақталған көлікке сексеннен аса адам мінеді. Аптап ыстықта іші қайнап кететін автобуста салқындатқыш туралы әңгіме айтудың өзі артық. Жағымсыз иіске тұншыққан жұрт диттеген жеріне жетіп, аялдамадан түскенше асығады. Күнде таксилетіп жүруге жағдай қайдан болсын, қысылып-қымтырылса да үйіне немесе қалаға жетуге асығатын ел амалсыз осылай тіршілік етіп жатыр.

«Еліміздің үлкенді-кішілі қалаларында қоғамдық көліктің жай-күйін жақсартып, бұл бағыттағы қызметтің сапалық деңгейін одан әрі көтеру қажет».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

«ҚАЛАҒА ӘРЕҢ ЖЕТЕМІЗ...»

Алматы – Талғар бағытына жолаушы тасымалдайтын №203 автобустың сапасы сын көтермейді



«КІСІДЕГІНІҢ КІЛТІ АСПАНДА...»

Сөзіміз дәлелді болу үшін, өзім куә болған мына бір жайтты баяндай кетейік. Өйткені, мен де дәл осы көліктің тұрақты жолаушысымын. Жұмысым қаланың орталығында. Үйге қайту үшін №98 автобустың соңғы аялдмасына дейін барып, сол жерден қаланың шетіне қатынайтын №203 автобусты отырамын. Бірде әдеттегідей аялдамада көлік күтіп тұрғанмын. Аялдамада апшыңды қуырар ыстықтан бетін күннен көлегейлеп тұрған халықта есеп жоқ. Жұрттың бәрі елең қағып, алыстан көрінген автобустарға қарап әлі тұр. Бір сағаттан аса уақыт болғанда анадайдан көптен күткен №203 автобус көрінді. Көлік тоқтай беріп еді, жолаушылар жапатармағай ішіне кіруге есікке ентелей басты. Бірақ көлік жүргізуші есікті ашпады. Сәл жүреді, тоқтайды. Жұрт қайта талпынады. Сәл жүреді, тоқтайды... Есік ашылар емес. Халық автобусты еріккеннен күтіп тұрмағаны анық қой.

Барлығы үйіне жетуге асығып тұр. Ал әлгі жүргізуші құдды бір жекеменшік көлігімен жүргендей... Сыртынан бақылап тұрған мен әлгі көлік жүргізушінің шектен шыққан қылығына зығырданым қайнады. Бейне жолаушылардың жүйкесімен ойнап тұрғандай көрінді. Бірақ «кісідегінің кілті аспанда». Жүргізуші есікті ашқысы келсе ашады, әйтпесе жүріп кете салады. Міне, осындай жүйке тоздырар әдепсіздіктер жиі көрініс береді. Ал халық осыған көнуге мәжбүр... Өйткені, кез келген жолаушыдан сұрасаңыз, №203 бағыттағы автобустардың аздығына, жүргізушілердің дөрекілігіне һәм қызметіне шағымдана жөнеледі.

– Қалаға күнде қатынап жұмыс істеймін. Сондықтан №203-ке жиі мінемін. Қазіргі автобустардың барлығында GPS бар. Бұл қосымша жолаушылар үшін өте қолайлы. Автобустың қайда келе жатқанын бақылап отырасың. Бірақ №203 бағыт бойынша желіде бар-жоғы 4-5 автобус қана жүреді.

Байқағаным, егер бір автобус бұзылса, аялдамада 1 сағат телміріп тұруға тура келеді. Сапасы сын көтермейтін ескі әрі кішкентай автобус «шамасына» қарамай аузы-мұрнынан шығарып адам таситынын қайтерсіз?! Бірде тіпті көліктің артқы-алдыңғы есіктері ашылмай қалып, бүкіл жолаушы жүргізуші отыратын жақтағы есіктен секіріп түскеніміз бар. Жолда қалып, амалсыз такси ұстаған күндеріміз көп. Ал егер қалтасында ақшасы жоқ адам болса, қайтпек?! Сондықтан біз басшылықтан сапалы, үлкен автобус беруін өтінеміз, – дейді Талғат есімді азамат.

ТАЛАПҚА САЙ АВТОБУС КЕРЕК

Егер шамалап айтатын болсақ, автобуска (жол бойындағы елдімекендерден мінетін адамдарды қоса есептегенде, – авт.) күніне тұрақты түрде 600–700 мыңға жуық адам мінеді. Ал сіз осыншама жолаушыға бар-жоғы 5-6 автобус қызмет көрсетеді дегенге сенер ме едіңіз? Жоқ, әрине. Өйткені, жолдың азабын жүрген ғана біледі. Қарапайым халық «бұл мәселені бірнеше жылдан бері айтып келеміз, әлеуметтік желіге де жарияладық. Бірақ біздің жанайқайымызды естітін құлақ та, көрер көз де әзірге табылмай тұр» деп налиды. Ең сорақысы, күнде көлігі сынып, жолаушылар жолда қалып жатса да міз бақпайтын «Думан транс» ЖШС басшылары бұл мәселені шешуге асығар емес. Халықтың үні құлағына жетпейтін бұл қандай мекеме? Жағдай жасауға қауқарсыз басшылықтың жұмысы неге бақыланбайды?

Қорыта айтқанда, екі күннің бірінде бұзылып, жолаушысын жолда қалдыратын көліктің бүгінгі сиқы осындай. Өкініштісі сол, бұл мәселені шешуге қарапайым халықтың қолынан келер ештеңе жоқ. Жолаушылар №203 автобустың ескі әрі кішкентай екенін, ал жүру интервалы ұзақ және оның өзі кестедегі уақытынан жиі кешігетінін айтып, қала басшылығынан көмек сұрап отыр. «Қалаға жетуіміз қиынның-қиыны. Бізге Талғар мен Алматының арасына қатынайтын жөні тұзу автобус бөлулеріңізді, тозған, техникалық талаптарға сай келмейтін көліктерді жаңа, жайлы автобустарға алмастырып беруін өтінеміз. Егер жолаушы тасымалын өз деңгейінде орындай алмаса, №203 бағытты басқа компанияға беруді сұраймыз...» дейді олар.



САРАПТАМА

СЕМЕЙДЕГІ ӨРТ:

ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПТІ ТЕНДЕНЦИЯ

Семей орманын өрт алып, Абай жері түтекке оранып, қаралы елдің қабырғасы сөгілгендей болды. «Өрісінді өрт жайлады ма» деген осы да, қапияда 14 азаматымыздан айырылып, азалы күнде айбынды Туымыз төмен түсірілді. Не дегенмен, тар соқпақта төселген, тарғалаң жолда да тайпалған, басынан сан зұлматты өткеріп, тағы да еңсесін тіктеп келген ел емеспіз бе. Әуелгі салғырттық пен қапылысты ашына сынап, жұрт болып жұмылып тілсіз жаумен аянбай-ақ айқасып жатырмыз. Көршіге қол артпай, ағайынға жүк салмай, өз күшімізбен де апатты ауыздықтап шығатын күн де алыс емес. Әйтсе де, соңғы жылдарда тілсіз жаудың ту сыртымыздан тиіп, елді әбігерге салуы жиілегені белгілі. Әр ретте дала өртінің ауқымы кеңейіп бара жатқанын да байқадық. Бұл бізге мәселені әлемдік масштабта қарастырып көруді міндеттейтіндей.

Әлемде өрт қаупі күшейген

Бақсақ, соңғы он жылдықта мейлі табиғи, мейлі адами себептен пайда болған дала өртінің жалпы әсері тұтас жаһанда күшейе түскен екен. БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламасының (ЮНЕП) мәліметіне қарағанда, әлемнің көптеген елінде пайда болған өрттер ауқымы, жану ұзақтығы мен қарқыны жағынан бұрынғымен салыстырғанда әлдеқайда күшейген. Бұның өзі жай күнде жалпы көпшілік мән бере бермейтін жаһандық климат өзгерісінің қаншалықты салмақты екенін білдіреді. Ең жаманы – орман не дала өрттері мен климаттың жылынуы бірін-бірі күшейтіп, бірін-бірі асқындырып отыратын құбылыстар.

Жаһандық Қалпына келтіру қоры: Дала өрттеріне қатысты терең ғылыми зерттеу жүргізген аталған ұйым мамандары 1952, 1972 және 1992 жылдардағы статистикалық мәліметтерді 2022 жылғы нәтижелермен салыстырып, адамдарды таңқалдыратын деректерді алға тартады. Зерттеудің жалпы қорытындысы «Қазіргі өрт бұрынғы өрттен өзгереді» дегенге саяды. Қазіргі дала, орман өрттері бұрынғыға қарағанда оңай пайда болып, қарқынды жанып, ұзақ уақытқа созылады. Әрі адам өмірі, климат өзгерісі, сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық кері әсері де ауырлай түскен.

• 2022 Бразилияның Амазонка орманындағы өрт соңғы 12 жылдағы ең жоғары шектен асып кеткен.

• Ал 2022 жылдың жазында ЕО мен Ұлыбританиядағы орман өрттерінен көміртегі шығарындылары 2007 жылдан бергі ең жоғары деңгейге жетті.

Бұл жылдағы дала өртіне байланысты ондаған мың адам эвакуацияланып, өрт сөндірушілерді қамтыған ондаған адам көз жұмған. Назар аударарлығы, осы жылы кемінде 7 елдің астанасында 40 жылдағы ең жоғары температура тіркелген.

Еуропалық орман өртінің ақпараттық жүйесі (EFFIS): Өзіне мүше 43 елде (ЕО елдері, Солтүстік Африка мен Таяу-Шығыстағы біркатар елдерді қамтиды) 2010–2019 жылдар арасында әр жылы орта есеппен 424 000 гектар аумақ өртеніп отырған. Ал 2020 жылы Хорватия, Нидерланды, Польша, Румыния және Түркия қатарлы елдерде өрт шарпыған аумақ бұрынғы орташа көлемнен асып түскен. Мүшелігіндегі 43 елдің тарихымен қарастырғанда өрт сирек орын алатын аумақтардағы апаттар саны таңқаларлық деңгейде жиілеген.

Апаттық филантропия орталығы (CDP) жариялаған Солтүсік Америка құрлығындағы орман өрттеріне қатысты



деректер де осыған ұқсас нәтижелерді көрсетеді.

NASA: Өзінің Terra спутнигі (MODIS) арқылы жинақтаған мәліметтері арқылы 2000–2023 жылдар арасындағы әлемнің 23 жылдық «Өрт тарихын» кескінге айналдырған. Бұл да әлемде күн сайын туатын өрт апаттарының саны мен көлемінің өскенін меңзейді.

Өрт себептері

Дала немесе орман өрті табиғи және адамдардың әрекеті себепінен пайда болады. Табиғи себептерге найзағай, Күн нұрының кездейсоқ жағдайларға байланысты шоғырлануы (линза құбылысы), т.б. түрлері жатады. Бірақ эколог мамандардың пікіріне сенсек, барлық орман және дала өртінің **75 пайызы адами себептерден** болып жатыр. Ал олардың ауқымының барған сайын кеңеюіне, қарқынының тездеуіне, жиілігінің артуына тікелей **климат өзгерісінің** әсері болуда. Былайша айтқанда, жаһандық климаттың жылыну үрдісінен аптап ыстықтар ұзаққа созылуда және құрғақшылық күшеюде. Бұлар дала өртінің орын алу ықтималдығын арттырған әрі зардабын да тереңдетіп жіберген.

Статистикалық деректер көрсеткендей, солтүстік жарты шардағы орман өртінің басым көпшілігі адамдардың абайсыздығынан немесе қасақана өртеу әрекеттерінен (ауылшаруашылық, өндірістік аумақтарды кеңейту, егістіктерді залалсыздандыру үшін өрт қою әрекеттерінен) болған. Бұған қоса, қалаландудың (урбанизация) ұлғаюы, адамдардың іс-қимыл аумағының жабайы табиғатқа шамадан тыс араласуы, адам қозғалысы кеңістігінің кеңеюі, ауылшаруашылық және өндірістік іс-қимылдардың жүйесіздігі – бұның бәрі дала өртінің туыратын адами себептердің қатарына жатады.

Еуропада әр жылы шілде және тамыз айларында өрт апаты жиілейді. Бұл кез аймақтағы туризмнің ең қауырт мезгілі. Сәйкесінше, өрттің көбі туристік аймақтардан тамыздық алып отырады.

Зардаптары

Дала өртінің зардабы түрлі бағытта қарастырылады. Ең негізгілері – өмірлік маңызды экожүйені бұзады, әлеуметтік экономикаға, адамдардың өмір сүруіне кесірін тигізеді, мүлік пен өмір сүру құралдарына қауіп төндіреді. Бұлардан да қауіптісі миллиондаған тонна көміртекті бөліп шығарады.

Қайталай кетейік, орман немесе дала өртінің ең үлкен зардабы жаһандық климат өзгерісіне саяды. Әрі климат өзгерісі ауырлаған сайын өрт те көбейеді. EFFIS мәліметіне сай, әлемдегі орман өрттерінен шығатын көміртектің мөлшері тұтас Еуропа құрлығындағы қоғам мен өндірістен ауаға тарайтын көміртектің деңгейіне тең.

2020 жылы Калифорниядағы орман өрті атмосфераға шығарған көмірқышқыл

газының мөлшері ондағы кен және өндіріс орындарының жыл сайын ауаға бөлетін көміртегі мөлшерінен 25 пайызға артық болған.

Статистика көрсеткендей, орман өрттерінің себебінен тыныс алу жүйесі және жүрек қан тамыр аурулары бойынша жыл сайын әлемде 340 000 адам көз жұмады.

Экологтардың айтуынша, бұл үрдіс жалғаса берсе, адамдарға, жабайы табиғатқа және климатқа ұзақ мерзімді жойқын зардаптар қалдырады.

Ұжымдық шұғыл әрекетті қажет етеді

Қазіргі үрдіс пен климат өзгерісінің деңгейі елімізде ғана емес, тұтас әлемде шұғыл әрі ұжымдасқан әрекетті қажет етеді. Жаһандық тұрғыда алдын алу үшін мамандар әлем елдерінің бірлесе әрекет етуін құптайды. Үкіметтерді өндіріс пен тұрмыстан бөлінетін көміртекті барынша азайту шараларын қабылдауға шақырады. Жасыл энергияны дамыту да осы қатарға кіреді.

Ал қазақстандық тұрғыда: Ең әуелі орман және дала өрттеріне қатысты, алдын алу мен күресу шараларында ғылыми негізделген тәсілдерге сүйенуге тура келеді. Бұл өртке қарсы және алдын алу шараларының жүйелілігін, өнімділігін арттырады. Бұл орайда:

Саясатты нақтылау және басқаруды үйлестіру (Семейдегі жағдайдан сабақ алу) керек;

Көршілес елдермен (әсіресе, Орта Азия елдерін негіз ете отырып) табиғи апаттарға, төтенше жағдайларға қарсы бірлесе күресу мақсатында ұйымдар құру. Бұл табиғи апаттардың зардаптарын азайтып, көлемін тежеуде тиімді шара ретінде әлем елдерінде қолданылатын тәжірибе.

Орман ағаштарын кесуге қатаң тыйым салу және жабайы табиғаттағы адам әрекеттерін белгілі деңгейде шектеу шараларын қабылдауға болады.

Қостанай және Абай жеріндегі апатты жағдайлар бізге дабыл қакты. Яғни біз тек ақпарат құралдарынан еміс-еміс естіп жүрген жаһандық климат өзгерісі бізден тым алыста емес, елімізде, іргемізде, тіпті үйіміздегі есік алдына дейін келді.



Естай БОЖАН, сарапшы.

БРИФИНГ

Гуманитарлық көмекті жинау жұмысына 30-ға жуық ірі волонтерлік ұйымдар кіріскен. Осы кезге дейін 300 кг гуманитарлық көмек жиналған, деп хабарлады Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде «QAMQOR CHARITY» қоғамдық қорының өкілдері.

БІЗ БІРГЕМІЗ!

Қалалық еріктілер Абай облысында зардап шеккендер үшін гуманитарлық көмек жинауды бастады



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Еріктілер гуманитарлық көмекті жинауда алматылықтардың ерекше белсенділігін атап өтті. Гуманитарлық көмекті жинау жайлы хабарланған алғашқы күннен-ақ волонтерлерге бұл қайғылы жағдайға бей-жай қарамайтын тұрғындар келіп, өз көмектерін ұсынған.

«Абай облысындағы жағдай ешкімді бей-жай қалдырмады. Осыған байланысты Алматы қаласының еріктілері мен волонтерлік ұйымдары бірлесіп, гуманитарлық көмек жинау қорын ұйымдастырды. Дейтұрғанмен, бұл істе ең алғашқылардың бірі болып біздің тұрғындар бастама көтерді. Бізден көптеген тұрғын шығып, көмек қолын созуға тілектестіктерін білдірді. Қазіргі уақытта Абай ауданының жергілікті тұрғындары, сондай-ақ, қызмет мамандары алғашқы қажеттілік заттарымен толығымен қамтамасыз етілген. Біз Семейдегі бас штабпен үнемі байланыстамыз және қосымша қажетті заттар тізімін алып отырамыз», – деді «QAMQOR CHARITY» қоғамдық қорының төрайымы Бағдат Анарбаева.

Ірі волонтерлік қозғалыстар қатарында «Қазақстан еріктілерінің лигасы» ҚҚ, «QAMQOR CHARITY» ҚҚ, «Lider.kz» ҚҚ, «Медицина жастары» РКҚ және т.б. бар.

Алматыда гуманитарлық көмек жинау пункті 12 маусымда жұмыс істей бастады. Волонтерлер бірінші кезекте қажет болатын азық-түлік пен заттарды қабылдап жатыр.

«Біз көмекті кестеге сәйкес, таңғы 10.00-ден кешкі 19.00-ге дейін қабылдаймыз. Біздің штабта 20-дан астам ерікті жұмыс істейді. Соңғы екі тәулікті 300 келіден астам гуманитарлық көмек жиналды. Олардың арасында 8500 дана респираторлық масканы біздің «Lider.kz» волонтерлік ұйымы берді. Сонымен бірге, дәрі-дәрмек алынып, үйге, жана туған сәбилерге қажет заттар, жеке бас гигиенасына қажет заттар да алынды. Бұл – бір күн ішінде жиналған көмектің көлемі. Біз штаб жұмысын әлі де жалғастырамыз. Абай облысында болған қайғылы жағдай бәріміздің қабырғамызды қайыстырды», – деп бөлісті ерікті Абзал Әріпов.

Атап өтетіні жайт, еріктілер қаржылай көмекті қабылдамайды. Қалағандар бірінші кезекте қажет болатын азық-түлікті (консервілер, макарон және басқалары) жинап, бір рет қолданатын ыдыс, қуаттау құралдары, жеке бас гигиенасына қажет заттар, су және т.б. жинау пункттеріне әкелулеріне болады.

Еріктілердің қатарына қосылғысы келетіндер, болмаса гуманитарлық көмек жинауға атсалысқысы келетіндер Алматы волонтерлерінің фронт-кеңсесіне Байтұрсынов көшесі, 22, 1-корпус, 1-қабат мекенжайы бойынша жолға алады. Немесе +7 747 821 64 78, +7 747 540 01 40, +7 771 625 77 76 call-орталықтарының нөмірлеріне хабарласа алады.



САРАПТАМА

ЖАҢА САЯСИ ОЙЫН АЛАҢЫ

Мәскеудің Орталық Азияға ықпалы азайып келеді

Үлкен саясатта соңғы жылдары Орталық Азияны ортақ халықаралық қатынастар субъектісі ретінде қарастыру тенденциясы байқалады. 2021 жылдан бері АҚШ, ЕО, Қытай және Түркия сияқты әлемдік және аймақтық геосаяси күш орталықтарының аймаққа қызығушылығы артты. Бұл процесті Ресей мен Украина арасында қарулы қақтығыс үдете түсті. Осы орайда сарапшылар Мәскеудің Орталық Азияға ықпалы азайып келе жатқандығын айтуда.

КӨЗҚАРАС ӨЗГЕРЕ БАСТАДЫ

Вашингтон 2015 жылдан бері «G5+1» форматында Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасын жалғастырып келеді. Бірақ АҚШ-тың сыртқы саясаты 2020-2021 жылдарға дейін Орталық Азияны Ауғанстан мәселесінің көлеңкесі ретінде қарастырды. Дегенмен, Ресей мен Украина арасындағы қарулы қақтығыс Вашингтонның Орталық Азия бағытындағы саясатын өзгертіп жіберді. Бұл Вашингтонның Орталық Азияға бетбұрысы 2022 жылдың 24 ақпанындағы оқиғадан кейін басталды деген сөз емес.

АҚШ-тың саяси жүйесінің басты ерекшелігі – президенттер ауысқанымен, сыртқы саясаттағы стратегиялық басымдықтар өзгеріссіз қалады. 2020 жылдың ақпанында Трамп әкімшілігі мен Талибан билігі Ауғанстаннан АҚШ әскерін шығару туралы бейбіт келісімге келіп, бұл процесс 2021 жылдың 31 тамызында аяқталды.

Ауғанстаннан АҚШ әскерін шығару шешімінің астарында стратегиялық себеп бар. Сарапшылар әскердің Ауғанстаннан шығарылуы экономикалық шығынның өсуінен дейді. Дегенмен, оның сыртқы саяси себебі де бар. Вашингтон әскерді жылдам шығарғандығына қарағанда, Мәскеу мен Киев қарым-қатынасы нашарлайтын алдын ала болжаған. Қандай әлемдік держава болса да, барлық тарапта саяси ойынды жүзеге асыруға ешкімнің әлеуеті жетпейді. Соған қарағанда, Киевті ашық, әрі жан-жақты қолдауға Вашингтон ертеден қамданған сияқты.

Ресей–Украина арасында қарулы қақтығыс контекстінде биыл АҚШ Орталық Азия елдерімен тығыз қарым-қатынас орнатуға тырысуда. Мұны 28 ақпан мен 3 наурыз аралығындағы АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкеннің Орталық Азия елдеріне сапары барысында айтқан сөздері дәлелдейді. Сонымен қатар, Энтони Блинкен АҚШ аймақ елдеріне жаңа жұмыс орындарын құру үшін 25

млн еуро көлеміндегі қаржылай көмек көрсететінін мәлімдеді.


Энтони Блинкеннің аймаққа сапарының астарында терең саяси мән жатыр. Себебі, Ресей–Украина қарулы қақтығысына орай Орталық Азия елдерінің позициясы әлі күнге дейін қалқып тұр. Мемлекеттік сапарға дейін, 23 ақпанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында Украинадағы жағдайды реттеуге қатысты резолюцияға дауыс беруде Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан мен Өзбекстан қалыс қалып, Түркіменстан мүлдем дауыс беруге қатыспады.

ЕО пен Пекин көш соңында қалмады. 17-18 мамырда Алматыда «ЕО-Орталық Азия» форматындағы екінші экономикалық форумы өтті. Форумда Еуропалық Одақ аймақ елдеріне экономикалық қолдауды күшейтміз деген сарында хаттама таратты. Ескерте кететін жайт, ЕО пен Орталық Азия арасындағы бірінші экономикалық форум 2021 жылдың 5 қарашасында Бішкекте өткен болатын.

Ал 18-19 мамырда ЕО пен қатарласып ҚХР-ның Сиань қаласында тұңғыш рет «C5+1» форматында Пекиннің Орталық Азиямен байланысын нығайтуға бағытталған саммиті өтті. Онда Пекин Орталық Азия аймағында бейбітшілікті сақтауға және қорғаныс саласын күшейтуге дайын екенін мәлімдеді. Сондай-ақ, Пекин Орталық Азия елдерімен транспорт маршруттарын нығайтуға ниетті екенін мәлімдеді. Бұл жолда 26 млрд юань (3,8 млрд АҚШ доллары) бөлетінін айрықша атап өтті.

Саммиттің Ұлы Жібек жолы бастау алған Сиань қаласында өтуі де шараның маңыздылығын арттыра түседі. Себебі, Пекиннің «Бір белдеу – бір жол» жобасы күн тәртібінен шығып қалған еді. Саммит оны қайта жандандыруға әсер ететіні сөзсіз.

Осы орайда Түркияның да Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасты нығайтуға ниетті екендігін ескерген жөн. Түркия Орталық Азия елдерімен ортақ түркілік идеология негізінде әрекет етеді. Мұндағы негізгі алаң Түркі мемлекеттерінің



ұйымы. Ол Түркі кеңесі деген атаумен 2009 жылы құрылған. Ал 2021 жылы 12 қарашада бірлестік Түркі мемлекеттерінің ұйымы болып өзгерді. Бірақ Түркияның өзге саяси күштермен салыстырғанда қысқа уақыттық перспективада аймаққа ықпалы төмендейді. Оған елдегі экономикалық дағдарыс, жер сілкінісі мен соңғы президент сайлауында көрініс тапқан саяси дағдарыс себеп.

МӘСКЕУДІҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Орталық Азия біртұтас субъект ретінде Мәскеудің сыртқы саясатында жеке бағыт болмаған. Алғашқы 1993 жылғы сыртқы саяси концепцияда Мәскеу ТМД және өзге елдермен тең негізде қарым-қатынас орнатуды көздеді. Мәскеу Кеңес Үкіметінен қалған империалистік идеологиялық ұстанымды ысырып тастап, бейбіт сыртқы саясатты ұстанды.

Дегенмен, Ресей Президенті Борис Ельциннің ұстанған сыртқы саясаты елдегі ұлтшыл саяси күштердің наразылығын тудырды. Бұл күштер Ресей сыртқы саясатта ықпалын төмендетіп жатыр деген пікірде болды. Мәскеудің сыртқы саясаттағы дағдарысы 2000 жылы жаңа концепцияның қабылдануына түрткі болды. Жаңадан сайланған Владимир Путин қабылдаған құжатта елдің сыртқы саясаттағы алға қойған мақсаттарына жетпеді делінген. Концепция мемлекеттің сыртқы саясаттағы басым бағыты ретінде халықаралық қатынастардың көпполярлы жүйесін құру, көрші елдермен достық қарым-қатынасты орнату, шетелдегі Ресей азаматтарын қорғау және әлемде Ресейдің жағымды имиджін қалыптастыру мен орыс тілін танымал етуді көздеді. Сонымен қатар, құжатта АҚШ басшылығында бірполярлы халықаралық жүйе ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп екендігі атап өтілді. Концепцияның тағы бір маңызды бағыты ретінде Белоруссиямен Одақтас-тықты дамыту көзделді.

2008 жылғы концепция алдыңғысын толықтырды. Онда Тарихи Батыстың жаһандық процестерге ықпал етудегі монополиясы аяқталды делінді. Құжаттың тағы бір ерекшелігі – Мәскеу алғаш рет Еуразиялық экономикалық қауымдастық пен Кедендік одақ бағытына бет бұрып, Ресей еуразиялық держава деп аталды.

Мәскеудің шығысқа бетбұры-

сы мұнымен аяқталмады. 2013 жылғы концепцияда 2008–2013 жылғы әлемдік қаржы дағдарысы нәтижесінде Батыс елдері өз позициясын жоғалтты делінген. Енді Мәскеудің болжамы бойынша әлемде Азия мен Азия-Тынық мұхит аймағы жаңа күшке айналады. Құжатта сонымен қатар, Украинаға терең интеграциялық процестерге қосылуына қолдау беру керектігі айтылады.

Ал 2016 жылғы концепцияда Ресейдің батыс елдерімен қарым-қатынасындағы дағдарыс ашық айтылды. АҚШ, НАТО және ЕО-тың геосаяси экспансиясы қарым-қатынастың нашарлауының басты себебі деп көрсетілді. Сондай-ақ, концепцияда алғаш рет Сирия дағдарысын реттеу туралы айтылды. Мәскеудің назарынан Украина дағдарысы да тыс қалмады. Құжатта Ресей Украина ішіндегі дағдарысты саяси-дипломатиялық жолмен реттеуге ниетті екендігі айтылады.

Қолданыстағы концепция биыл 31 наурызда қабылданды. Құжатта көпполярлы әлемді нығайту мақсатында АҚШ пен өзге де дос емес елдердің әлемдегі басымдықтарын азайту негізгі бағыт деп көрсетілді. Сонымен қатар, Ресей БРИКС, ШЫҰ, ТМД, ЕАЭО, ҰҚШҰ, РИК (Ресей, Үндістан және Қытай) және өзге де мемлекетаралық бірлестіктердің әлеуетін нығайтып, халықаралық рөлін арттыруға күш-жігерін салады делінген.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ БІРЛІГІ ҚАЖЕТ

Мұндай күрделі геосаяси жағдайда Орталық Азия елдері қалай әрекет етуі тиіс?

Орталық Азия елдеріне ортақ аймақтық экономикалық, гуманитарлық, мәдени бағытта әрекет ететін ұйым қажет. Жаңа одақ Қытай, Ресей, АҚШ және ЕО пен күш балансын сақтау мен сыртқы саясатта ортақ әрекетті жолға қоюы тиіс. Себебі, әлемдік саяси күштердің Орталық Азиямен қарым-қатынасын жақсартуының астарында жеке мүдделері жатыр.

Орталық Азия аймағы әлемдік және аймақтық державалардың саяси ойын алаңына емес, солармен терезесі тең саяси күшке айналуы стратегиялық маңызға ие. Бірақ аймақта сыртқы саясаттағы ортақ көзқарас жоқ. Бүгінгі күні аймақ елдері әртүрлі одаққа мүше. Мысалы, Қазақстан мен Қырғыз Республикасы ЕАЭО, ШЫҰ, ҰҚШҰ ұйым-

дарына, ал Өзбекстан ШЫҰ-на ғана, Тәжікстан ҰҚШҰ мен ШЫҰ-на мүше елдер. Ал Түркіменстан сыртқы саясатта ешқандай ұйымға мүше болмай «оқшаулану» саясатын ұстанады. Осыдан әлі күнге дейін аймаққа Мәскеу мен Пекиннің ықпалы басым екені байқалады. Себебі, бұл ұйымдарда олардың саяси ықпалы басым.

Сыртқы себептерден бөлек, Орталық Азия елдері арасында өзара қордаланып қалған мәселелер де жеткілікті. Шекаралық мәселелерден тартып, энергетикалық және су қауіпсіздігі кейінге қалдырмай, бірлесіп шешуді талап етеді.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҮДДЕСІ БЕЙБІТШІЛІКТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ

Сыртқы саясатта көпвекторлық стратегиясын ұстанатын Қазақстан үшін бірінші кезекте елдің экономикалық мүддесі мен БҰҰ-ның халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу, мемлекеттердің тұтастығы мен суверенитеті сияқты принциптері маңызды.

Қазақстан халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешуде біршама бастамалар көтерді. Сирия дағдарысы бойынша Астана процесі, Мәскеу мен Түркия арасындағы 2015 жылғы кикілжің сияқты халықаралық дауларды реттеуде Қазақстан үлкен үлес қосты.

Сыртқы саясатта Қазақстан мемлекеттердің тұтастығы мен суверенитеті принципін қатаң ұстанады. Оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы Петербург халықаралық экономикалық форумында айтқан сөздері дәлел. Мемлекет басшысы Қазақстанның сыртқы саясаты тұрақты және мемлекеттердің тұтастығын қолдайды, сондықтан ДНР, ЛНР сияқты квазимемлекеттік бірлестіктерді мойындамайды деп мәлімдеді. Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев 24 мамырда өткен Еуразиялық экономикалық форумда Қазақстан үшін ЕАЭО бағытындағы интеграция ең алдымен экономикалық сипатта екендігін шегелеп айтты.

Пердехан
ШАМШИЕВ,
сарапшы.





ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

БАЛА ҚУАНСА, ӘЛЕМ ҚУАНАДЫ

Қазір жазғы демалыстың нағыз қызған уақыты. Қала балаларының алды алыс ауылдарына аттанып, демалысты ата-әжелерімен өткізсе, енді біразы мұхит асып, жер-дүниемен танысып жатыр. Жыл сайын қалалық әкімшілік балалардың жазғы демалысын басты назарда ұстап, олардың жан-жақты демалуына толық қолдау жасап отырады. Осыған орай, қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат ЖЫЛҚЫБАЕВАМЕН хабарласып, мектеп оқушыларының биылғы жазғы демалысы туралы сұрап білген едік.



– Ләззат Әуезханқызы, Алматы қаласы білім беру ұйымдарында биылғы жазғы демалыс қалай ұйымдастырылды?

– Мектеп оқушылары үшін жазғы демалыстың орны ерекше. Үздіксіз білім беру жүйесінде жазғы демалыс балалар мен жасөспірімдерді дамыту, тәрбиелеу және сауықтыру үшін өте маңызды рөл атқарады. Сондықтан біз жазғы демалыс басталмай тұрып, түсіндіру жұмыстарын жүргізген едік. Осы негізде әрбір мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілері жазғы демалысты ұйымдастыру туралы ақпаратпен барлық ата-ананы хабардар етті. Әсіресе, әлеуметтік аз қамтылған отбасы мен көпбалалы отбасылардан шыққан балалардың бос уақытының қамтылуы ерекше бақылауда. Бұл балалар, ең алдымен, жалпыға білім беру қоры есебінен қала маңындағы лагерьлерде демалуға мүмкіндік алды, асхана жалдаушыларының демеушілік көмегі есебінен мектеп лагерьлерінде тамақтанды.

Сонымен қатар, әр мектепте жазғы демалыс бойынша ақпараттық стенд ілініп, онда мектеп жанындағы лагерьдің, мектеп үйірмелері мен секцияларының жұмыс жоспары, қосымша білім беру ұйымдарының мекенжайлары, жауапты тұлғалардың байланыс телефондары және 200-ден астам үйірме мен секцияның жұмыс кестелері, демалыс орталықтарының жұмысы, қала сыртындағы лагерьлер, олардың барлық байланыстары туралы ақпараттар орналастырылды. Оқушылар

сарайы мен шығармашылық үйлеріндегі үйірмелердің, студиялардың, секциялардың ақысыз негізде жұмысының кестесі де ілулі тұр.

Жалпы, мектеп оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастыру, ең алдымен, оларды әлеуметтік тұрғыдан қорғау болып табылады. Өйткені, жазғы демалыс кезінде балалардың жарақат алуы, құқық бұзуы, жаман әдеттерге бой алдыруы сияқты оқиғалар белең алып, өкінішті жағдайлар да болып жатады.

Жаз мезгілінде балалардың көшеде, жолда, суда қауіпсіздігін қамту үшін педагогтардың жұмысы тоқтамайтыны да сондықтан.

Биыл да барлық орта білім беру ұйымдарында оқушылардың жазғы демалысы қадағаланып, бақылаусыз қалмауы үшін толық жауапкершілікпен ұйымдастырылып отыр. Осы ретте қалалық Білім басқармасы балалардың жазғы демалысын «Жазғы демалыс – денсаулық пен естеліктер кепілі» тұжырымдамасы негізінде ұйымдастырып отырғанына тоқтала кеткім келеді. Биыл да мектеп жанындағы лагерьлердің жұмысы ұйымдастырылып, оларға әдістемелік қолдау көрсетіліп жатыр. Ең алдымен, барлық білім мекемелеріне, қосымша білім беретін мекемелерге санитарлық-медициналық және санитарлық-гигиеналық тазалықты қамтуға байланысты нұсқаулық хат әзірленіп, таратылды.

Жазғы демалыс толық күндік және тамақсыз толық емес күндік жазғы мектеп жанындағы лагерьлер, мектеп клубтары мен қызығушылықтары бойынша үйірмелер, бос уақытты өткізуге арналған орталықтар: (бейнелеу өнері, мүсіндеу, модельдеу, тоқу, макраме, қолданбалы өнер), спорт секциялары мен пікірталастар; қосымша білім беру ұйымдарының жұмысы (Оқушылар сарайы мен 6 Оқушылар үйі) және жазғы балалар лагерьлерінің жұмысы қызып жатыр. Әдеттегідей, мектеп асханаларындағы тамақ мәзірі де қатаң бақылауда болады.

Мектеп жанындағы лагерьде мектеп асханасы, медбике, дене шынықтыру, бейнелеу өнері, музыка пәні мұғалімдерінің жұмысы толығымен қамтамасыз етілген. Мәселен, алғашқы апта «Балалық шақты қорғау» атауымен өтіп, «Балалық шақ пен қуаныш мерекесі», «Зияткерлік», «Кітап күні» деп, тағы басқа апталықтар тамыздың соңғы аптасына дейін жалғасатын болады.



Аптаның әр күні белгілі бір мақсатқа арналып, дүйсенбіде барлық мектептерде зияткерлік бағыттағы іс-шаралар (кітапханаларға, мұражайларға бару, «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша байқаулар, викториналар өткізу;) сейсенбіде – көркемдік-шығармашылық бағыттағы іс-шаралар: (көрмелерге, сәндік-қолданбалы өнерге бару; сурет, қолөнер байқауларын өткізу) және жұмаға дейін экологиялық, өлкетану және ғылыми-техникалық бағыттағы іс-шаралар (ғылыми-зерттеу институттарына, зертханаларға, орталықтарға бару; роботтехника бойынша флешмобтар, жарыстар, турнирлер, челленджер өткізу) жоспарланған.

Бұған қоса, барлық ата-аналарды да іс-шараларды ұйымдастыруға тартып, қосымша білім беру ұйымдарымен бірлесе экскурсиялар ұйымдастырып жатыр.

– Басқарма тарапынан демалыс орталықтарына қандай талаптар қойылады?

– Әрине, ата-аналар балаларын сауықтыру орталықтарына жақсы демалып, сергіп қайтса екен деп жібереді. Сондықтан біз өз тарапымыздан балалар дұрыс тамақтанып, спортпен айналысса, таза ауада көбірек серуендесе деген талаптар қоямыз. Жазғы демалыс дегеніңіз мектеп оқушылары үшін өте бір ерекше мезгіл.

Жыл бойы оқу оқып, бүкіл күшін білімге жұмсаған балалардың жазғы демалыста денсаулығын нығайтып, ағзасын сауықтыруы қажет. Сонымен қатар, жазғы демалыс мектеп оқушыларының физиологиялық, дүниетанымының дамып, нағыз жетілетін кезеңі. Тіпті, күзде мектепке келген кезде балалардың бойының өсіп, өзгергенін байқап жатамыз. Өйткені, жаз мезгілінде балалар тез өседі. Осыған байланысты балалардың дұрыс тамақтануына, физиологиялық ерекшеліктеріне де баса назар аударған жөн.

Міне, сол себепті мамандардың жазғы

демалысты балалардың денсаулығының нығаяуына нағыз қолайлы кез деп қарастыратыны да сондықтан. Осы ретте баланың дара тұлға болып қалыптасуына жағдай жасауымыз қажет. Сауықтыру орталықтарындағы балаларға берілетін ас мәзірлерін де бақылауда ұстаймыз.

– Қала маңайындағы сауықтыру орталықтарындағы қауіпсіздік шаралары қалай қамтылған?

– Қазір қала балалары өздерінің жазғы демалысын «Юный Домостроитель», «Эдельвейс» және «Алматау» сияқты сауықтыру лагерьлерінде бастап та кетті. Жалпы, биыл қала сыртындағы лагерьлерде 6500-ден астам бала, ал мектеп жанындағы лагерьлерде 30 мыңнан астам бала жазғы демалысын қызықты етіп өткізіп жатыр.

Жалпы, қауіпсіздік мәселесіне келсек, санитариялық талаптарға сай, лагерь аумағы қоршалған болуы керек. Сонымен қатар, объектілер таза ауызсу, ыстық су, кәріздер, жарықтандыру мен желдету жүйелерімен қамтамасыз етілген. Демалыс орталықтарының қызметкерлері барлық үй-жайлардың ішін дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып, күнделікті тазалап отыруы да басты назарда. Айтпақшы, лагерь жұмысын бастамас бұрын кеміргіштер мен жәндіктерге қарсы іс-шаралар жүргізілген еді. Бұл да өз кезегінде қауіпсіздік шараларының бір тармағы. Демалыс орталықтарындағы жиһаздар мен жабдықтар да балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы ескерілді.

– Мектеп оқушыларының жазғы демалысына байланысты байқау жарияланған еді? Осы мақсатта жүргізіліп жатқан жұмыстар жайлы айта өтсеңіз.

– Биыл «Үздік мектеп жанындағы лагерь» қалалық байқауын алғаш рет өткізіп отырмыз. Байқау ережеге сәйкес аудандық және қалалық кезеңді қамтиды. Сәтін салса, жеңімпаздарды Тамыз форумында марапаттайтын боламыз.

Біздің қолға алып отырған барлық жоспарларымыздың жүзеге асатынына сенімдімін. Өйткені, бізді ата-аналар мен мұғалімдеріміз қолдайды. Сонымен қатар, ата-аналар да балаларын барынша қадағалап, бейресми топтардың жетегіне еріп, түрлі әлеуметтік желілердегі жат қылықтарға бой алдырмауын бақылауда ұстаса деймін.

Ата-аналар балаларының жазғы демалысын маңызды етіп ұйымдастырса, ұмытылмас сәт болып, есінде мәңгі қалары сөзсіз. Жазғы демалыста балаңыз уақытының көп бөлігін компьютердің алдында өткізбесін десеңіз, жазғы сауықтыру мекемелеріне жіберіңіздер дер едім.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Сұхбаттасқан
Рая ЕСКЕНДІР.



ҚАЛА ТЫНЫСЫ

АЛМАТЫ МЕТРОСЫ

Метрополитен – халықпен тығыз қарым-қатынастың ортасы. Күнделікті тіршілікті онсыз елестету қиын. Жүретін уақыт, баратын нысана, бәрі өлшеулі. Таңнан кешке дейін жұмыстамыз. Мегаполистің тіршілігі қауырт. Ал тұрғындардың ісі қарбалас. Бұл – жалпы адамзатқа тән құбылыс. Шын мәнінде, қоғамдық көліктің жұмысы көзімізге көрінбейтіндей сезіледі. Алайда, оларсыз ісіміз өнбесі анық. Кей-кейде барша халыққа қызмет көрсететін орталықтар бізге міндетті сияқты. Олар таңның атысы, күннің батысы табаннан тік тұрып қызмет қылады. Өйткені, метроның жұмысы тоқтамауы тиіс. Осы ретте Алматы метрополитен пойыздарының диспетчері Самат ҚҰТЫМБЕКПЕН тілдескен едік.



– Сіздің жұмыс кестеніз қай уақыттан басталады?

– Бізде жұмыс кестесі қолайлы. Себебі, бүгін күндізгі ауысымда (08.00–20.00) болсақ, 24 сағат демалыстан кейін түнгі ауысымға түсеміз (20.00–08.00), ары қарай 2 күн демалысымыз бар. Отбасыға көңіл бөлуге де уақыт жетеді.

Таңертең міндетті медициналық тексеруден өтеміз. Дене температурасын, қан қысымын қарайды. Витаминдер береді. Осылайша кешкі уақытқа дейін жұмыс орнында боламыз. Өзімізге белгіленген тәртіп бойынша қызмет қыламыз.

– Негізгі қызметіңізге тоқталсаңыз...

– Біздің жұмыс диспетчерлік орталықтандыру болып есептеледі. Пойыздардың станцияға қабылдануы, жөнелтілуі қаралады. Құрылғыларында ақаулықтары бола қалса, олқылықтарын қадағалаймыз. Техника болғандықтан пойыз тоқтап қалуы ықтимал. Сондай-ақ, бағдаршамдар істен шығып қалуы, бағыттама бұрмалардың дер кезінде бұрмай қалуы сияқты ақаулар орын алып қалуы мүмкін. Осындай жағдай туындамас үшін өзіміздің қызметімізге сай іс атқарып отырамыз.

Негізінен, пойыздың кестесі алдын ала сызылып қойылады. Оны арнайы базаға енгіземіз. Аталған базадағы кесте бойынша пойыздар өз жұмысын бастайды. Кестелер метрополитен басшылығының бұйрықтарымен жүзеге асады. Жаздың кездері көпшілік адамдар демалысқа шығады. Оқу тоқтайды. Сондықтан 8 жылжымалы құрам жүреді. Бұған дейін 10 жылжымалы құрам қатынаған. Оқу кезеңі басталғанда бәрі қайтадан қалпына келетін болады. Осылайша метрополитен жұмысы үздіксіз жүріп жатыр. Бір сөзбен айтқанда, Алматы метросы Алаштың мақтанышына айналады.

– Метрополитенде жұмыс істейтін қызметкерлердің әлеуметтік жағдайы қаншалықты шешілген?

– Метрополитен жұмысшыларына 2013 жылдары 40-қа жуық пәтер берілген болатын, бірақ 2000-нан аса жұмысшы-

шаһардың мақтанышына айналады



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

сы бар кәсіпорынға бұл аздық ететіні анық. Сондықтан аталған мәселеге барынша көңіл бөлінсе деген ниеттеміз.

Өкінішке қарай, метрополитен «коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын» болғаннан кейін метро қызметкерлері мемлекеттік қызметкер ретінде тұрғын үй кезегіне тұра алмайды. Сонымен қатар, 35 жасқа дейінгі жастарға арналған, алғашқы жарна төлеу арқылы алатын пәтерлерге де өтініш беру мүмкіндігі жоқ. Осы мәселе өз ретімен шешіледі дейміз.

– Жұмыста әртүрлі нұсқаулықтар қазақша беріле ме?

– Техникалық құжаттар орыс тілінде жүргізіледі. Өкінішке қарай, тіл мәселесі біздің кәсіпорында ақсап тұр. Өзіміз толтыратын техникалық құжаттар, сонымен қатар радиобайланыс арқылы сөйлеу регламенттері орыс тілінде жүргізіледі. Кәсіпорында жұмыс атқаратын жұмысшылардың 80–85%-ы қазақ болғанымен, қазақ тілі шетке ысырылып қалатыны бар.

Өзіміз машинистке нұсқауды мемлекеттік тілде беруге тырысамыз. Алайда, әлі күнге дейін тұрақты термин қалыптаспай келеді. Осы жағына да тіл мамандары, құзырлы мекемелер назар аударса екен. Өз тіліміз техникалық жарамдылыққа жарап-ақ тұр. Жоғары оқу орындарында техникалық мамандық қазақша оқытылса, іске келгенде қиыншылық орын алмас еді. Аталған мәселе көп ұзамай шешіледі деген сенімдеміз.

– Кезекті еңбек демалысы, шипажайға бару, үстемақы қарастырылған ба?

– Жыл сайынғы еңбек демалысы қарастырылған. Еңбек демалысы кезінде біздің кәсіпорын келісім-шартқа отырған шипажайлар бар. Оларда демалуға кететін шығынның 60%-ы кәсіпорыннан бөлінеді. Үстемақы берілмейді. Еңбек демалысына шығатын кезде тек бір айлық жалақы мөлшерінде (оклад) төлем жасалады. Соның салдарынан келесі айда қаржылай қиындықтар болатыны бар.

– Сіздің әулетіңізде теміржол саласына қатысты жан-дар бар ма, жалпы бұл салаға келуге не түрткі болды?

– Бір қызығы, отбасымызда, жалпы әулетімізде бұл салада қызмет жасайтын ешкім жоқ. Біздің отбасымызда дәрігерлер отбасы деп те айтатын. Дәрігерлік болмысыма жат болған соң ба, ол мамандықты тандамадым. Ал өзін көлік саласында қызмет жасауды құп көріп, осы мамандықты тандадым. Бүгінде осы салада қызмет істеп келемін. Өз несібемді адал еңбектің арқасында тауып жүрмін. Сондықтан еңбек еткен адамның еңбегі еленеді деп ойлаймын.

– Жұмыс барысында орын алған қызықты һәм қиын жағдайды айтып берсеңіз...

– Не нәрсе болса да алғашқы қиындықтар өзіңе кейіннен қызық болып көрінеді ғой. Алғаш осы пойыз диспетчері қызметіне ауысқанда бастапқы 1 айда пойыз қозғалысында ешқандай ескерту болмады. Содан бір күні түнгі ауысымға түстім. Таңертеңгі тексеру пойызы жүріп келіп «Алатау» бекетінде тоқтап қалды. Себебі белгісіз. Машинист радиобайланыс арқылы шақыруыма жауап бермейді. Тәжірибесі жоқ мен үшін бұл пойыздың тоқтауы қиынға соқты. Пойыздың кестеден кешігуі 15 минутқа жеткенде машинист жауап беріп, тоқтаудың себебін айтты. Сөйтсек, контактілік рельстегі кернеу өшіп қалған екен. Бір қызығы, машинист менің даусымды естіп тұрса да жауап беруге қорқып, себебін білмей, сасқанынан пойызды шұқылай берген екен. Ол да мен сияқты жаңадан келген жас маман екен. Абырой болғанда, бекеттер ашылғанға дейін пойыз кестесін ретке келтірдік.

– Жүгенсіз жолаушылар бар екендігін әлеуметтік желіден байқаймыз. Тәртіп бұзғандарға нендей шара қолданылуы мүмкін?

– Иә, өкінішке қарай ондай жолаушылар жоқ емес. Ондай тәртіп бұзушылық жолаушылар легі көп болғанда орын алып жатады. Бірін дер кезінде қолға түсіріп жатсақ, енді бірін жолаушылардың көптігіне байланысты назардан тыс қалдырып жатамыз.

Мұндай кезде тәртіп бұзушыны метрополитендегі тәртіп сақшыларына тапсырамыз. Одан арғы шараны полиция қарастырады. Сондықтан қоғамдық көлікті дұрыс пайдалануға шақырамыз.

– Осы салаға келем деуші жастарға қандай ақыл-көнес берер едіңіз?

– Жастарға айтарым, бұл жұмысқа келер кезде еркелікті, балалықты шетке ысырып тастаған жөн. Себебі, жолаушылар өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сонымен қатар халықтың қызметінде болу оңай шаруа болмағандықтан жұмысшыларға қойылатын талаптар да жоғары және қатаң тәртіпті қажет етеді.

Әр істің өз қызығы мен шығығы бар. Ең бастысы, берілген тапсырмаға тиянақты болуымыз қажет. Сонда ғана халыққа сапалы қызмет ете аламыз. Өйтпесе, сәл ғана енжарлықтың өзінен үлкен қателікке ұрынуы мүмкін. Оның салдары қаншама жанды жолынан қалдырады. Ал ондай өрескел оқалыққа жол бермеуіміз қажет. Осы қағидалар қатаң сақталуы керек.

– Үлкен рахмет!

Әңгімелескен Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

БРИФИНГ

ЖАҢАШЫЛДЫҚ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Алматының хайуанаттар бағы евростандарттарға сай болады



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте айтылды. Алматының Хайуанаттар бағы директоры Сейілхан Ақылбековтың айтуынша, осы айда зоопаркте көкөніс қоймасы бар жем-шөп блогының құрылысы басталады.

– Бізде көк қошқар, пони, кенгуру, жайра, мысық лемурулары, ала бұғы, қодас, Чапман зебрасы, сусиыр, қарақұс балапан-

дары, құмай, жапон тырнасы, тау қазы, африкалық сұр жылан және т.б. төлдері туды, – дейді С.Ақылбеков.

Ол сондай-ақ, салынып жатқан көкөніс қоймасына тоқталып өтті. Спикердің айтуынша, қосалқы шаруашылық егістіктерінен және күзде арзандатылған бағамен сатып алынған көкөністер мен жемістерді сақтауға мүмкіндік береді. Бұл хайуанаттар бағының мал азығына қаражат үнемдейді. Сонымен қатар, зоопаркте «Африкалық саванна» кешенін салу жоспарлануда. Бүгінде жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, оның құрылысына конкурс ұтып алынды. Кешенде 100-ге жуық жануардың 25 түріне дейін көрсетіледі.

– «Африкалық саванна» жаңа экспози-

циясы пайдалануға берілгеннен кейін жануарларды ұстау шарттары табиғи мекендеу ортасына барынша жақын болады. Онда бір алаңда жануарлардың бірнеше түрі ұсталады. Қызмет көрсететін мамандардың еңбек жағдайлары, сондай-ақ келушілерге қолайлы жағдай жасалып, олардың қызығушылығы ескерілетін болады. Бұл экспозиция жыл бойы жұмыс істейді. Бұл келушілер санының артуына әсер етеді. Құрылыс-монтаж жұмыстарын 2024 жылға жоспарлап отырмыз, – деп жалғастырды Хайуанаттар бағының директоры.

Бұдан бөлек, Хайуанаттар бағында жалпы аумағы 1,5 гектар болатын «Арктика» кешені салынады. Кешенде табиғи ортаға

барынша ұқсастырылған жағдайлар жасалады. Осының арқасында Хайуанаттар бағы аюлардың жас жұбын сатып ала алады.

Сонымен қатар, қар барысы мен сілеусінге арналған қоршау салынады. Жаңа қоршаулар Алматы қаласы мен Іле Алатауы тауларының символы – қар барысын көрсетуге мүмкіндік береді. Жабайы жануарларды барынша табиғи жағдайда ұстау әрқашан Хайуанаттар бағына келушілер мен жануарлар әлеміне қызығатындардың көңілінен шығатын болады.

Хайуанаттар бағының басшылығы 2024 жылы «Тропикалық жұмақ немесе маймылдар елі», «Мадагаскар», «Қазақ даласы» кешендерінің құрылыс жобасын жасауды жоспарлап отыр. Сонымен бірге, жаңа ветеринарлық клиника салу, жабайы жануарларды реинтродукциялау орталығы жобалары жасалмақ. Жоспар бойынша 2030 жылға дейін Хайуанаттар бағының жалпы аумағының 70%-ы реконструкцияланады.



ГИМНАСТИКА

АЛМАТЫЛЫҚ СПОРТШЫ

Азия чемпионы атанды

Алматы қаласы Спорт басқармасының «Спорттағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің» спортшысы Зейнолла Ыдырысов спорттық гимнастикадан жастар арасындағы Азия чемпионатында 1-орынды иеленді, қорытынды бағасы 13,950 балл.

Чемпионат Сингапурда 7–14 маусым аралығында өтіп, оған Азияның 14 елінен 60 спортшы қатысты. Екінші орынды Қытайдан келген спортшы, үшінші орынды Жапония спортшысы иеленді. Еске сала кетейік, наурыз айында 2 алматылық спортшы – Нариман Құрбанов пен Милад Карими спорттық гимнастикадан 3 әлем кубогынан бастап Котбус, Доха және Бакуден алтын медальдармен оралды.

Барлық спортшы Алматы әкімдігі жанындағы Жоғары спорт шеберлігі спорт мектептерінде және спорттағы дарынды балаларға арналған мектепте оқиды.

ТЕННИС

ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДАМЫЗ

Қазақстандық жас теннисшілер Қырғызстанның Шолпан-Ата қаласында жасөспірімдер арасында өткен ITF Juniors J60 турнирінде табысты өнер көрсетті.

Қазақстан теннис федерациясынан мәлім еткеніндей, жұптық сында Іңкәр Дүйсебай мен Дамир Қалдыбеков үздік шығып, чемпион атанды. Іңкәр ресейлік Екатерина Ходжаевамен бірге финалда қазақстандықтар Әдемі Аманкелді Сати Әубәкірованы ұтты – 6:2, 7:5. Дамир ресейлік Макар Кривочеаопен бірге соңғы бәсекеде өзбекстандықтар Ильос Аброров Бекзод Нематовты қапы қалдырды – 6:3, 3:6, 10:6. Жекелей сында Жақас Қозыбақ финалға дейін жетіп, жарыстың үшінші ракеткасы, үндістандық Райан Кутхратқа жол берді – 5:7, 1:6. Қыздар арасында Анастасия Крымкова титул үшін матчта Е.Ходжаевадан ұтылды – 1:6, 4:6.



ШАХМАТ

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ: отандық спортшылар 2 алтын, 4 күміс жеңіп алды

Батуми қаласында рапид және блиц шахматтан кадеттер мен жастар арасындағы әлем чемпионаты өз мәресіне жетті. Спортты дамыту дирекциясынан мәлім еткендей, швейцариялық жүйе бойынша 11 раундтан тұратын бұл бәсекеге 35 елден келген 450-ден астам ойыншы қатысты.

6 күнге созылған турнирде Қазақстан құрамасының өрендері 2 алтын және 4 күміс медаль жеңіп алды. Әуелі жас ойыншылар шахматтың рапид түрінен сынға түсті. Мұнда Аланна Берікқызы (10 жасқа дейін), Айару Алтынбек (U-12) пен Зарина Нұрғалиева (U-14) өз жас санатында 2-орыннан көрінді. Кейін шахматшылар блицте шеберлік байқады. Бұл ретте Батумиге барған ең жас отандасымыз Иман Нәбиев (8 жаста) күміс медаль жеңіп алды. Ол тек шотландиялық Луис Ченгке есе жіберді.



Ал Айару Алтынбек (U-12) пен Зарина Нұрғалиева (U-14) қарсылас шақ келтірмей, чемпион атанды. Жуырда ғана классикалық шахматтан 9 жасқа дейінгі ойыншылар арасында әлем чемпионы атанған Аланна Берікқызы бұл сында үздік бестікті түйіндеді.

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ

АЛТЫ ЖЕҢІМПАЗ FIDE-2023 әлем кубогына жолдама алды

Қалада Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында шахматтан Азия құрлықтық чемпионатының салтанатты жабылу шарасы өтті. Қазақстандық шахмат федерациясы хабарлағандай, жарыстың қорытындысы бойынша өзбекстандық гроссмейстер Шамсиддин Вохидов «Азияның шахмат королі» атанды (FIDE рейтингі 2583, ең жоғары – 7 балл жинады). Ирандық гроссмейстер Бардия Данешвар күміс медаль иегері атанды (FIDE рейтингі 2555, 6,5 ұпай жинады).

Қазақстандық шахматшы Әлішер Сүлейменов қола медальға ие болды (FIDE рейтингі 2463, 6,5 ұпай). Төртінші орынды Үндістаннан келген гроссмейстер Абхиманью Пураник иеленді (FIDE рейтингі 2555, 6,5 ұпай).

Әйелдер арасында «Азияның шахмат тәжін» үндістандық шахматшы Дивье Дешмук иеленді (FIDE рейтингі 2389, 7,5 ұпай). Күміс медальді Үндістан гроссмейстері Мари Анн Гомес иеленді (FIDE рейтингі 2315, 6,5 ұпай). Қола медальға Монғолия гроссмейстері Батхуагийн Монгонтуул ие болды (FIDE рейтингі 2397, 6,5 ұпай).

ТОП-5 үздік ойыншылар қатарына қос жерлесіміз Ксения Балабаева (FIDE рейтингі 2186) және Әмина Қайырбекова (FIDE рейтингі 2146) кірді.

Алматыда классикалық шахматтан бөлек 3 маусымда блицтен Азия чемпионаты өтті. Онда қазақстандық FIDE шебері, Семейден келген 20 жастағы Арыстан Исанжулов жеңіске жетті (стандарт рейтингі – 2408, блицтегі рейтинг – 2450).

Екінші орынды үндістандық шахматшы Венкатеша Пранава иеленді. Үшінші орынға қазақстандық гроссмейстер Денис Махнев ие болды. Әйелдер арасында қазақстандық шахматшы, FIDE халықаралық шебері Ксения Балабаева алтын медальға ие болды (стандарт рейтингі – 2186, блиц рейтингі – 2113). Күміс медальға Үндістан шахматшысы



Дивье Дешмук иелік етті. Қола медальды моңғол шахматшысы Турмунхийн Мунхзул алды.

Сондай-ақ, турнир аясында классикалық шахмат ойындарының екі сеансы өтті. 5 маусымда атақты молдовалық шахматшы Виорел Бологан №1 облыстық балалар үйінің тәрбиеленушілерімен ойнады, 7 маусымда қазақстандық гроссмейстер, 20 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионы Дәрмен Сәдуақасов 14 тактада бір мезгілде ойын сеансын өткізді.

«Шейх Сұлтан бин Халифа Әл-Нахаян турнирді ұйымдастыру, шетелдік қонақтарды қабылдау және чемпионат шеңберіндегі басқа да іс-шараларға жоғары баға берді. Ол сондай-ақ, 2024 жылы Қазақстанда шахматтан балалар арасында Азия чемпионаты өтетінін жеткізді. Жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне Қазақстан шахмат федерациясының (ҚШФ) бірінші вице-президенті Дәрмен Сәдуақасов пен Freedom Broker басқарма төрағасының орынбасары Түсіп Нүкенов қатысты», деп хабарлады ҚШФ баспасөз қызметі.

Бұдан бұрынғы нөмірлерде Алматыда 18 елдің шахматшылары бак сынаптын Азия құрлықтық чемпионаты басталғанын хабарлағанбыз.

ФУТБОЛ

Халықаралық футбол федерациясының ресми сайты әйелдер құрамасының жаңартылған рейтингін жариялады. Олар бұдан бұрын 101-орында тұрған еді. Енді 99-орынға көтеріліп, 1205.62 ұпайды еншіледі. Бұл көрсеткіші бойынша рейтингте Эстония (98-орын, 1211.02 ұпай) және Фарер аралдары (100-орын, 1201.16 ұпай) қатар тұр.

ЖАҢАРТЫЛҒАН РЕЙТИНГ

Қазақстан әйелдер құрамасы 2 сатыға жоғарылады



Рейтингтің көш басында АҚШ әйелдер құрамасының еншісінде 2090.03 ұпай бар. Футболдан Қазақстан жастары Молдовамен жолдастық кездесу өткізеді. Еліміздің 18 және 19 жасқа дейінгі жасөспірімдер және жастар құрамалары Молдовада жолдастық кездесу өткізеді. Бұл ойындар 14–19 маусым аралығына жоспарланған. Отандық футболшылар Молдова жасөспірімдер құрамасы және «Шериф» жастар командасымен жолдастық матч өткізеді.

Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Бүгінде ұлттық сусынның қатарына жататын бозаның ұмытылып бара жатқаны жасырын емес. Оны ішпек түгілі, атын естімегендер де жетерлік. Иммуитетті көтеретін бұл сусынды қалай дайындау керектігін үйрететін жандар да қалмай барады. Дайындау тәсілі қиындау болғандықтан, қазіргілер боза жасауға онша құмар емес. Егер осылай кете берсек, алдағы уақытта бұл сусынды тек тарихшылардың аузынан ғана еститін шығармыз.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

БОЗА ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЛАДЫ?

Боза – дәнді дақылдардан ашытып жасалатын ежелгі сусын. Бір тәулік бойы суға бөктіріліп қойылған дән жармасының сарысуын төгіп тастағаннан кейін, қалған тұнбаға белгілі мөлшерде май, су құйып, оттың табына жайлап қайнатып, ботка жасайды. Оны суытып қойып, дәнді дақылдың бір түрінен (тары, арпа, т.б.) ашытқы дайындайды. Ол үшін дақылды қажетінше алып, үстіне ыстық су құйып, 3-4 сағат бөктіреді де, сүзіп алып, жылы жерге жайып қойса, 3-4 күнде дәндері өнеді. Бірден кеуіп кетпес үшін, үстін жауып тастайды. Өнгеннен кейін келіге салып түйеді. Осылайша дайын болған қоспаның үстіне суытылған қайнаған су құйып, жарты тәуліктен ашытып қояды. Содан соң дайын қоспадан ыдысқа керегінше салып, қайнаған салқын суға араластырып, сүзгіден өткізеді. Алынған сұйық сусын «Боза» деп аталады. Дайындалу технологиясы мен сақталу мерзіміне қарай «жас боза», «қорланған боза» деп те атайды. «Жас боза» құрамында 4–6%, ал «қорланған бозада» 12–15% спирт болады. Бозаның ұытсыз, жай ашытқымен жасалған түрін «Мақсым боза» дейді.

БҮЛ СУСЫНҒА ДЕГЕН ҚҰМАРЛЫҚ АЗАЙЫП БАРАДЫ

Бүгінде базарларда боза сатылады. Дегенмен, өте аз. Оның үстіне боза салу технологиясын терең білмейтіндердің кесірінен адамдар арасында бұл сусынға деген құмарлық азайып барады. Дегенмен, алыс ауылдарда әліге дейін боза салатындар бар. Боза негізі сыраның арғы атасы саналады. Кезінде Месопатамия мен Египетте оны әлсіз алкоголь ретінде пайдаланған. Оны ашыған наннан дайындаған. Ал Орта Азияда дәнді дақылдардан дайындаған. Осман империясы тұсында бозаның нағыз шарықтау дәуірі болды десе де болады. Оны жас та, жасауыс та тамсана ішті деген дереккөздері бар. Сол кезеңдері сусынның өтімділігін арттырғысы келген саудагерлер бозаға аздап опиум қосқан көрінеді.

Бұдан бөлек, бозаны арнайы ішу мәнерін де сақтау аса маңызды. Оны сораптап, ұрттап, неше рет демдеп ішуден қатар, апыл-ғұпыл ішуге де болмайтындығы ескертіледі. Себебі, ашытылып жасалған боза құрамында болатын ішімдік көлемі екі кеседен артық ішкен адамды қыздырып, желпіндіретіндігі белгілі. Сондықтан бозаны бұрынғылар «әңгіме айта отырып асықпай ішу керек» деген.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тұралы ЕРКІНБЕКҰЛЫ,
қала тұрғыны:

ДЕРТКЕ ШИПА, ДЕНЕГЕ КҮШ БЕРЕДІ

Әсіресе, мынадай індет асқынып тұрған кезде иммунитетті көтеретін сусындарды көбірек насихаттауымыз керек. Боза өнірісін дамытып, оның дайындалу технологиясын үйренген жөн. Өкінішке орай, бізде бояғыштар, консерванттар қосылған сусындар базарлар мен дүкендерде толып тұр. Түсініксіз пластик ыдыстағы сусындардың нарықты жаулап алғаны соншалық, ол қайдан шыққан, қалай жасалған, бауырға әсер етіп, бүйректі отырғызбай ма, асқазан жарасын тудырмай ма, оған бас қатырып жатқан ешкім жоқ, оларға тек шөлі қанса болды.

Әсіресе, балалар жағы бояғыштар мен стабилизатор, консерванттар, эмульгаторлар қосылып жасалған осындай қызыл-жасыл сусындарға тым құмар. Оның

ҰЛТТЫҚ СУСЫН

ұмыт қалмауы керек



БОЗА ФЕСТИВАЛЬДЕРІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛСА ЕКЕН

– Бала кезде қыс мезгілінде әжеміз жиі боза жасап беруші еді. Қалай дайындайтынын үйреніп алмағаным өкінемін. Бозаны ертеректе адамдар сусын ретінде пайдаланған. Адамды маужыратып, ұйқысын келтіріп, қыздыратын қасиеті бар. Бозаның керемет сусын екеніне еш шүбә жоқ. Әжем жүз жасқа жақындап қайтыс болды. Жас кезінде боза дайындап, содан өздері көп ішкен екен. Көрсеніз, екі беті алмадай, қып-қызыл шырайланып жүретін. Бетіне әжім түспейтін. Ол кісінің жанында отыз жас кішілердің бетін әжім торлап кететін. Бозаның кереметі ғой. Бертіңге дейін тың, бақауат жүрді.

Өкінішке орай, бізде жазда сыра фестивальдері өтіп тұрады. Соның орнына боза фестивальдері ұйымдастырылса, қандай тамаша болар еді, – дейді қала тұрғыны Амантай Жақсылықұлы.

БОЙҒА КҮШ-ҚҰАТ БЕРЕДІ

Оның құрамында А, В, С, Е витаминдері бар. Ол ашыған кезде лактоза қышқылы пайда болады. Боза ас қорығуға көп септігін тигізеді. Емізулі әйелдерге сүттің молаюына көмектесетін көрінеді. Осы өндірілген ұыттағы Е витамині өте көп болады. Ол адамға күш-қуат беріп, ағзадағы ауруға қарсы тұратын иммунитетті арттырады. Қартаюдың алдын алатын да қасиеті бар. Дәруменге аса бай бозаның ағзадағы барлық органға әсер ететін емдік қасиеті күшті. Ағзадағы зат алмасуды күшейтіп, қандағы шлактарды айдап шығады. Сонымен бірге, қаназдық, анемиясы бар адамдарға да бірден-бір ем. Буын кеселдеріне, тұз жиналғанға, асқорыту мүшелеріне тигізер пайдасы мол. Сарып ауруына да қарсы қолдануға болады.

2009 жылы Иллинойс штатында (АҚШ) елдегі алғашқы боза өндіру цехы ашылған екен. Ендеше, талай ауруға таптырмас ем болатын бозаны елімізде дамуға неге көңіл бөлмейміз? Мәселен, бидайды өндіргенде оның дәніндегі пайдалы заттар С, В витаминдері – 5 есе, В2 витамині – 13,5 есе, В1 витамині 1,5 есе көбейетіндігі ғылыми тұрғыда дәлелденген.

ПЫШАҚСЫЗ ОТА ЖАСАЙТЫН ДА «ҚАСИЕТІ» БАР

Бозаның пышақсыз ота жасайтын да «қасиеті» бар. Бүйрегіне тас, тұз жиналған

науқастардың оны аса абайлап ішкені жөн. Егер ұытты бозаны көп ішсе, қатты ауырып қалуы да мүмкін. Бұл – әлгі пышақсыз ота жасалынып жатқанының белгісі. Бүйрегінде тасы бар адамдар бозаны әу баста 50–100 грамнан бастап ішіп, үйренгені жөн. Содан мөлшерін ұлғайта берсе болады. Екінші бір ерекшелігі, бозадан қалған қалдықпен бәйге аттарын бағады. Бозаның түбін жеген мал жұқпалы індетпен ауырмайды. Бозаның түбі деген – дақылды дайындаған кезде сүзілгеннен қалған ең түбіндегі маңызы. Оны жеген мал да қонды болып, сырқаттан алшақ болады.

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Боза ежелден Түркияда және Балқанда кең таралған. Мысалы, Болгарияның Радомир қаласында боза фестивалі өтеді. Сусынның сергітетін және масайтатын әсері бар. Ашытқыдан жасалатындықтан, боза В дәрумендеріне бай. Сусын ақуыздардың, көмірсулардың, минералды тұздардың және басқа да пайдалы заттардың көп мөлшері үшін бағаланады. Ескі болгарлар барлық талаптарға сәйкес дайындалған боза он түрлі ауруды емдейтінін айтады.

Боза Осман империясы кезінде өте кең таралған. Бірақ XVI ғасырдың ортасынан бастап оны ішуге тыйым салынды. Бастапқыда Селім II кезінде бозаға апиын қосыла бастады. Осыдан салдарынан оны сатқандарға да, ішкендерге де айыппұл салынды. Содан кейін Мехмед IV кезінде бұған толық тыйым салынды. Алайда, түрік саяхатшысы Эвлия Челеби бозаны өте танымал сусын ретінде сипаттайды. Ыстамбұлда оны 300-ге жуық дүкен сатқанын және боза өзінің тағамдық құндылығына байланысты түрік армиясында кеңінен қолданылғанын атап өткен.

P.S. Бозаны кез келген жастағы адам іше берсе болады. Бірақ 3 жастан асқан балаларға 5 ас қасықтан артық ішкізуге болмайды. Әсіресе, бүйрегі, асқазаны мен бауыры ауыратын адамдар бұл сусынды арнайы дайындатып емге пайдаланса, ауруынан айығатын күн алыс болмайды. Міне, біле білген адамға бозаның пайдасы көп. Тек сан ғасырлар соқпағынан өтіп, бүгінге жеткен ұлттық сусынымыз келер күнге жетпей, тасада қалып кетпесе екен...

Гүлжан ЖОЛМҰРАТҚЫЗЫ,
жоғары дәрежелі дәрігер-терапевт:

БОЗА – ВИТАМИНГЕ ТОЛЫ ТАБИҒИ СУСЫН

Адамның ауруға қарсы тұратын қабілеті – иммунитет қана. Біріншіден, адам денесі көп қозғалыста болуы керек. Қозғалыс кезінде қан айналымы да, зат алмасу процесі де жақсы жүреді. Көп қозғалған кезде ішкі ағзаларымыз өз қызметін толық атқарып, бойымыздағы зиянды заттар несеп жолы, тер арқылы шығып кетеді. Екіншіден, иммунитетті көтеру үшін дұрыс тамақтану керек. Мысалы, қытайлар етті көп жемегенмен, әртүрлі шөп арқылы иммунитетін жақсы көтеріп алады. Біз нан мен шайды қалай күнде ішіп-жесек, қытай, жапон, кәрістер шөптік дәрумендерді аспен бірге жиі ішіп-жеп отырады.

Иммуитетті көтеру үшін оңтүстік өңірлерде боза деген сусын дайындалады. Ол арпа, бидай, тары және тағы да басқа дәнді дақылдарды қосып, ашытып, ұн қосып жасалады. Бұл сусын адамның иммунитетін көтеруге өте жақсы көмектеседі. Боза – витаминге толы табиғи сусын. Ол суықтың, тұмаудың алдын алады. Бозаны кішкентай балаларға да, орта жастағы адамдарға да, қарияларға да күніне бірнеше рет ішуге болады.

● ТАҒЗЫМ

Биыл Ресейдің Псков облысы, Невель ауданының жау басқыншыларынан азат етілгеніне 80 жыл толып отыр. Сұрапыл майданда Псков жеріндегі соғысқа қатысып, ажал құшқан қазақстандықтар аз болмаған.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

ҮШ БАТЫР

«Бауырластар зиратында» жатыр

Олардың ішінде Мәншүк Мәметова Невель қаласы үшін болған ұрыста Изочи стансасы түбінде қаптаған жауға пулеметпен тойтарыс беріп, ерлікпен қаза тапты. Қаһарман қызымызбен бір шепте соғысқан сұрмерген Ибраим Сүлейменов те нысанаға алғанын құр жібермей, жаудың 14-ін оққа ұшыра жүріп оққа ұшқан.

Ержүрек батырлар Алматыда жасақталған әйгілі 100-ші қазақ ұлттық бригадасы құрамында майданға бірге аттанып, бір күнде ерлікпен қаза тапқан. Солармен бірге, Невель қаласы үшін болған ұрысқа атақты полковник Әбілқайыр Баймуллин жетекшілік етіп, қаланы жаудан тазартады. Ұрыс майданы қала сыртында жалғасып, жаумен болған айқас ауыр жағдайда өтеді. 1944 жылы полковник Старосемя деревнясы маңында ерлікпен көз жұмды. Жоғарғы офицерлік атты әскер мектебі мен Мәскеудің әскери академиясын бітірген полковник Ә.Баймуллин екі мәрте «Қызыл Ту» және «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен марапатталған.



Невель қаласын жаудан азат етуде асқан ерлік көрсеткені үшін қазақстандық үш батыр – пулеметші М.Мәметова, полковник Ә.Баймуллин және мерген И. Сүлейменов бір жерге жерленіп, белгі қойылған. Соғыс біткеннен кейін үшеуінің есімі қала көшелеріне беріліп, шаһар орталығына М.Мәметованың ескерткіші қойылды.

Невель жеріндегі қанды қырғында мерт болып, Отан үшін жан қиған жауынгерлердің ерлігін өскелең ұрпаққа паш етіп жүрген Невель қаласының «Гвоздика» атты іздестіру тобы өте көп тыңғылықты іс-шаралар өткізіп отырғаны көңілге қуаныш ұялатады.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Лаура ТАЙРОВА, тарихшы:

БІЗГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ ЕРЕКШЕ

Қазіргі технология дамыған заманда «Гвоздика» тобымен үнемі байланыстамыз. Іздестіру отрядының командирі М.Ясютич бастаған топ М.Мәметованың 100 жылдығына ауқымды іс-шара өткізді. «Бауырластар зиратында» «Мәңгілік алау» ешқашан сөнбейтіндігін және олардың құрметіне жыл сайын веложарыстар, ерлігі туралы бейнефильмдер, ән байқауы, шығарма жазу, әскери дайындық жарыстары өткізілетіндігі туралы білдік.

Осындай іс-шаралардың бәріне бізге тіпті онлайн қатысып отыруға мүмкіндік туғызған. Мектеп оқушылары да осы «Гвоздика» отрядының белсенді мүшелері.

Солардың бірі де бірегейі – М.Мәметованың қаһармандық ерлігін облыстық, республикалық жарыстарда қорғап жүрген Д. Гуцин. Кешегі өткен Жеңіс мейрамында Д.Гуцин үш батырымызды насихаттап, қонақтар мен тұрғындарға «Невельский фронт и Казахстанские батыры» деген атпен концерт өткізді. Осындай жастар тұрғанда батырларымыз ұмытылмақ емес.



ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

Алматыда балаларға алақандай ғана бір уыс саз балшықтан қыш құмыра жасауды үйрететін «Dala crafts» деп аталатын шағын ғана арт-терапия орталығы бар. Онда жұмыс істейтіндердің бәрі өрімдей жастар. Бір сөзбен айтқанда, өнерді кәсіпке айналдырған қыз-жігіттер. Олар мәселен, фитнес физикалық күш сыйлайтын болса, «Dala crafts» рухани қуат сыйлайды деп санайды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

АРТ-ТЕРАПИЯ

Құрылғанына екі-ақ жыл болған «Dala crafts» өнер студиясының басында Нұрхан Әбдікәрім, Оңалбек Ергеш және Роман Нұркен деген жігіттер тұр. Олар руханияттың қоғамға, мәдениетке берері көп деп, өнерді демалысқа айналдырып, өзгеше бір мәдениет қалыптастыру жолында еңбек сіңіріп жүрген азаматтар.

Бүгінде бала біткен ұялы телефонға, гаджетке жіпсіз байланған. Айналасымен, тіпті қатарластарымен де қарым-қатынас орнатуға құлықсыз өрендер өсіп келеді. Иә, қазіргі бала баяғы біз секілді құмға су құйып, балшықтан «үй тұрғызып» ойнайтын бала емес, сыртқа көп шыға бермейді. Құмыра жасауды үйрететін орталық ашқан жігіттер бір жағынан осы жағдайды да ескеріп, жеткіншектер бос уақытын тиімді өткізсе екен деген тілекпен оларды осы өнерге тарта бастады. Арт-терапияға баласын әкеліп жүрген ата-аналар да балдырғанда қызығушылық пайда болғанын, асқан ынтамен қатысып жүргенін айтқан. Тіпті, логопед, дефектолог мамандар да кейбір кішкентай пациенттерін осы орталыққа көмегі болады деп жібереді екен. Яғни тым тұйық немесе тілі шықпаған бала да келеді мұнда.

ЖАҚСЫ КҮН

Иә, арт-терапияның миды тыныштандырып, шаршағанды басып, күйзелістен де арылтатын, ашу-ызаны басып, қорқыныш пен үрейден, жағымсыз эмоциялардан арылуға көмектесетін қасиеті барын психологтар да жоққа шығармайды.

Саз балшықтан құмыра жасауға ниеттенген баланың ойлау қабілеті мен ұсақ және ірі қол моторикасын, ойлау, қиял, зейін, есту қабілеттерін дамытады, өнерге баулиды, тепе-теңдікті ұстауда үлкен пайдасы бар. Сондай-ақ, шыдамдылығын шынайы түседі. Сабақ оқуға деген зейіні ашылады. Қоршаған ортаны тануына көмектеседі. Ал ең соңында өз қолынан шыққан керемет туындысын көргенде қатты қуанышқа бөленетіні өз алдына.

ҚҰМЫРА

Осынау кішкентай бұйымда балалар алақанының жылуы, жүрегі, ықыласы, өнері, қуанышы жатыр



СЕЗІМ

Арт-терапияға бүгінде жастар, үлкендер де, оның ішінде зейнеткерлер де жиі келе бастаған. Әсіресе, романтиканы сүйетін жұптар, ерлі-зайыптылар үшін таптырмас демалыс алаңы болған. Олар бірге құмыра жасай отырып, бір-бірімен үнсіз тілдеседі, бір-біріне еркелейді, сезімін білдіреді. Күнделікті бітпейтін тұрмыстық тіршіліктен бір сәт демалғысы келген жандар да осыннан табылады. Орталықтың жабдықталуы да ерекше. Саз балшықтан құмыра жасайтын бөлменің бір қабырғасына оюлы текемет тұтылып, оған домбыра, дулыға, қамшы ілінген. Құмыра жасау жұмысына кіріскен мезетте жанға жайлы күй ойнай жөнеледі. Мұның бәрі барлық жайсыз нәрсені бір сәтке ұмытып, миды тынықтыруға әсер ететіні сөзсіз.

НЕОЛИТ

Жалпы, қыш бұйымдар талай халықтың тарихында бар ежелгі өнер. Ол неолит кезеңінен бастау алған деседі. Сол заманғы адамдардың түр-келбеті, болмысы, өмір салты тек қыштан жасалған кішкене мүсіндермен, ыдыстармен бейнеленген көрінеді. Демек, қыш бұйымдар арқылы да тарихты танып-білуге болады. Сонау неолит кезеңінде жасалған сол қыш бұйымдар біздің заманға еш бүлінбестен жеткен. Сан мың ғасыр жер астында сол қалпында бүлінбей жата бергені отқа күйдірілгенінің арқасы дейді. Неолит кезеңінде үлкен құмыраларға астық сақтаған екен, яғни жер астына көміп қоятын болған. Оны құрт-құмырсқа, тышқан, егеуқұйрық та тесе алмайтын. Демек, сол дәуірдегі технологияның да, мәдениеттің де мықты болғаны сөзсіз.

ШЕҢБЕР

Біз танысқан арт-терапия орталығында да балалар мен үлкендердің қолынан шыққан құмыралар да арнайы пеште күйдіріледі. Бірақ құмыра жасаудағы ең маңыздысы, яғни басты жабдық – гончарлық станок. Бұл аппарат сазбалшыққа пішін беруге арналған. Алматыдағы «Dala crafts» арт-терапия орталығында қазір осындай төрт станок (гончарлық шеңбер) бар. Келушілерге құмыра жасауды шеберлер үйретеді. Құмыраны жасау үшін алдымен саз балшықты жұмсартып алады. Сосын оны станок бетіндегі шеңбердің дәл ортасына бар күшпен қатты етіп жапсыру қажет. Жұмыс кезінде гончарлық шеңбер айналған кезде саз балшық дұрыс жабыспай ұшып кетсе, жасаған зат дұрыс шықпай қалуы мүмкін. Одан кейін балшықпен конус жасалады. Шеңбер үстінде айналып тұрған саз балшықты төменнен жоғары қарай бір қолмен бүйірін қыса отырып, екінші қолмен көтереді. Сосын қалауыңыз бойынша әртүрлі пішінде бүйірін шығаруға болады. Негізі, көзбен көрген адамға өте қызықты әрі жайлы процесс.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Индира ЖҮСПӘЛІ, шебер:

БІЗ ҚУАНЫШ СЫЙЛАЙМЫЗ

Шеңберді айналып тұрған құмыраның қай жері қалың, қай жері жұқа екенін сезу үшін саусақтың ұшы сезімтал болуы керек. Мәселен, астыңғы жағы қалыңдау болса ұзаққа шыдайды, жоғарғы бөлігі жұқалау болып шықса әлсіз келеді. Дұрыс істелмесе, пеште күйдіргенде сынып қалады. Құмыра жасалатын саз балшық өте жұмсақ болуы керек. Оны біз іргеміздегі Қапшағайдан аламыз. Құмыра жасау барысында дайындап алған балшығымыз құрғап кетпеуі үшін қолымызды жиі-жиі сулап отырамыз. Құмыра дайын болғанда шеңберді тоқтатып, дайын затты әркім өз қалауымен әрлеп, сәндейді, бояйды. Кей адам «анама» немесе «сүйікті әжеме» деген жазба бедерлейді. Сүйіктісінің есімін ойып жазатындар да бар. Жасаған жұмыстарын сол күні бізге қалдырып кетеді, біз оны арнайы пеште күйдіріп, кептіріп қоямыз. Дайын құмырасын алып кетуге келген кездегі қуаныштарын көргенде, бекер жұмыс істеп жүрмегенімізді сезіну де бір бақыт. Адамдардың риясыз қуанғаны да бізге шабыт сыйлайды.



НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

«ҚАРАГӨЗ»

ПРЕМЬЕРА



Өтетін орны: Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театры (Абылай хан даңғылы, 38).

Күні мен уақыты: 17 маусым, сағат 18.30.

Қоюшы-режиссері: Ф.Молдағали.

«ҮШ ТОРАЙ»



Өтетін орны: Мемлекеттік куыршақ театры (Пушкин көшесі, 63).

Күні мен

уақыты: 17 маусым, сағат 12.00.

Жанры: ертегі.

«ҚАРАГӨЗ»



Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры (Аблай хан даңғылы, 103).

Күні мен уақыты: 18 маусым, сағат 18.30

Қоюшы-режиссері: Е.Нұрсұлтан.



ҚАУІП ҚАЙДАН?

ӘТКЕНШЕКТЕР ӘЛЕГІ

Балалар қауіпсіздігі басты назарда болуға тиіс



Айнабай
МӘДИ

Әткеншек ауыстырғанда үзіліс керек

Міне, жадыраған жаз да басталып кетті. Алматыдағы аттракцион жұмысы қызды. Француздың «қызығу» сөзінен тамыр тартатын, адреналинді арттыратын осы бір ойын-сауық орнына келіп-кетушілер тобы азаяр емес. Мұндай қызығы мол орынға ағылатындар арасында жастар, жасөспірімдер, балалар қарасы қалың болғанымен, ересектер де олардан қалыспауда. Тіпті, егде жастағы бір-екі кісіні де көріп қалдық. Олар да қызығады екен.

Парктегі аттракционға немересін жетелеп келген кейуананың: «Ойбай, аналар өлді ғой!» деп ашына айқайлаған даусына жалт қарадық. Соңынан үлкен кісі «uh» деп демін бір алды-ау. Шынында, әткеншектің ондаған метр биіктікке көтере жөнеліп, соңынан тастай салуы жүректі «дүрс» еткізері сөзсіз. Әжейдің әбігерге түсуі содан.

Осы бір қызығынан шыжығы кем түспейтін ойын түріне тек бірыңғай ұлттық стандарт бекітілсе де, осында орын алған оқыс оқиғаға қатысты шағым айтып, арыз түсірер мекеме атымен жоқ. Сонда да экстремалды көңіл күйге бола, түрлі аттракционға ағылатындар саны азаяр емес. Алғашында қызық іздеп, әткеншекке мінген балалардың кейіннен денсаулығы сыр беріп жататыны бар. Мұндай әлсіздік 13–16 жас аралығындағы жас өрендерде көбірек байқалатын көрінеді.

«Жүрегі айнып, басы айналғанын айтып келетіндер аз емес. Көбінесе қан қысымы барлар медбикелік көмекке жүгінеді. Бір әткеншектен түсе салып, іле-шала екінші әткеншекке отырмау керек. Біраз демалған соң әрі қарай екінші әткеншекке мінген жөн», – дейді медицина қызметкері Гүлзира Тұякова.

Қауіпсіздікті ойласақ, жауапкершілік алдымен азаматтардың өзіне жүктеледі. Әткеншектің сырын білсе де сауыққұмар көп. Өзге қалалардағы бірді-екілі оқыс жәйтті айтпағанда, Алматыда әзірге пәлендей бүлінген жағдай болған жоқ. Ал саябақ мамандары «кез келген қайғылы оқиғаның алдын алу үшін күн сайын кешенді жұмыс жүргізіледі» деп өз жұмысының кемістігін көлегейлеп, ақталып әлек. «Аттракциондар күнделікті қатаң тексеріледі. Қауіпсіздік жағынан кепілдік бере аламыз. Біз алдымен келушілердің қауіпсіздігін ойлаймыз», – дейді ойын-сауық саябағының менеджері Жылқыбек Жорахан.

«Біз бұл аттракционға ерекше көңіл бөлеміз. Әсіресе, экстремалды аттракцион – басты назарда. Негізі, талапқа сай техникалық тексеруді жылына 1 рет өткізсе де болады. Бірақ біз екі рет тексеру жүргіземіз. Адамдардың қауіпсіздігі – ең маңызды мәселе», – дейді ойын-сауық саябағының аға инженері Павел Рудаков.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

* *Аттракцион иелері «Аттракциондарды пайдалануға беру және қауіпсіздік талаптары» заңының техникалық регламентін ерекше ескеру керек.*

* *Балалардың аттракционда қозғалыс барысындағы қауіпсіздігі басты назарда болуы қажет. Саябақтағы әткеншектердің барлық ықтимал қауіпті жерлері таяныш пен қоршаулармен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл – техникалық регламенттегі басты талап.*

* *Егер аттракцион құрылғысы бұзылған болса, жабдықтың жұмысын дереу тоқтату керек. Ал аттракционды пайдалану ережесін сақтамаған кәсіпкерлерге қолданылар жаза қатаң болады.*

Мәселен, Петропавл қаласындағы орталық саябақтағы аттракциондар жыл сайынғы тексеруден өтуі өз алдына, күнделікті техникалық жай-күйін бақылап, барлауға құқық иеленген сертификат пен дипломы бар. Маусым алдында барлық жабдықты тексеріп шықтық. Саябақта жаңадан бір әткеншек ісе қосылды. «Вальс» аталатын бұл техникалық жабдык беларусь елінен «Даму» қорынан көмегімен алынды. Құны 56 млн теңге тұрады, – дейді «Аттракциондар әлемі» ЖШС-нің инженері Татьяна Колчева. Аталған ЖШС директоры Александр Козлов «Вальстің» танымал отбасылық әткеншек екенін алға тартады. Әткеншек ТМД-дағы аттракциондардың көбінде бар екен. Қызылжардағы осы саябақта 50-ден астам әткеншек жұмыс істеп тұр.

56 млн теңгелік «Вальс»

Механикалық, техникалық жабдығының біразы саябақ жұмыс бастағаннан бері ауыстырылмаған ойын орындары да бар. Қаладағы көп әткеншектің сикы – осы. Білікті мамандардың тұрақты тексеруі құрылғылардың ұзақ қызмет етуіне жағдай жасап отырғанын да атап өткен жөн.

Дегенмен, қауіптің алдын алудағы ең басты қағида – қарапайым ережеге бағыну. 2019 жылы бекітілген ұлттық стандартқа сәйкес, аттракциондағы қауіпсіздікке, тіпті қайғылы жағдайға сол саябақтың басшысы мен мамандары жауапты. Алайда, мұндай қауіп қаперде тұрар ойын орнындағы жұмыс барысын, қауіпсіздігін жіті бақылап, тексеріп отыратын арнайы мекеменің әзірге жоғы «әттең» дегісін.

Әткеншектерден әлдебір шу шыққан жағдайда әкімдіктерді кінәлау дағдыға айналғандай. Әкімдіктің тиісті саласы дер кезінде жалпы бақылау шараларын өткізсе де, саябақ қожайындары мен әткеншек иелері тікелей өз міндетін түсініп, жауапкершілік жүгін сезінсін. Айтпақшы, осы әткеншектерден шыққан дау-дамайдың жоғары заң шығарушы органның да есігін қағып, депутаттық сауал қоюға түрткі болды.

Бәрі сақадай сай болуға тиіс

«Жазатайым оқиғаларға тергеу кезінде ондай нысандарды орнату мен қолдану ережесі өрескел бұзылғаны әшкереленді. Бұл ретте жергілікті билік пен апатқа ұшыраған аттракцион иелері ондай нысанды орнатуға рұқсат бермегендерін айтып, жалтарып шыға келеді. Шынында да, рұқсатнама қағазы жоқ болса, онда қалай саябақтан орын алған? Түсініксіз», – дейді Парламент Мәжілісінің депутаты Андрей Платонов.

Ойын-сауық саябақтарына орын алған еңселі әткеншектерді пайдаланатындарды әуре салатын не нәрсе? Осы мәселе үнемі назарда тұруы тиіс. Бала денсаулығына тікелей жауап беретін бұл жабдыктарға қатысты еліміздің заңдары неге жөнді жұмыс істемейтіні беймәлім. Былтыр Өскеменде «Металлургтер» саябағында кәсіпкерлер «аттракционда жұмыс істеуге рұқсат бермеді» деп шағымданған. Себебі – пайдалануға жарамыз аттракционның болуында. Қала әкімдігі саябақта кәсіпкерлікке рұқсат жоқ деп өз талабын қойған.

Кәсіпкерлер тек жаз мезгілінде ғана жұмыс істейтін болғандықтан, банкке төлер несиесі барын алға салады. Алайда, мәселе ойын-сауық жабдыктарының жұмыс істеуге сақадай сай әзір болмауында тәрізді. Ал ойын-сауық мекемесінің иелері саябақтағы коммуналдық төлемдердің бәрі өз қалталарынан шығып жатқанын айтып, зар илейді. «Аттракциондардың жай-күйін үлкен-кішісі, бәрін бастан-аяқ тексереміз. Бастысы – қауіпсіздік» дейді жергілікті әкімдік.

Әткеншектердің әлегі әлі тыншыған жоқ. Не дегенмен, техниканың аты – техника. Тербеткенімен қоймай, сені ұршықша үйіріп, шыр айналдыратын жабдықты уақытылы техникалық тексеруден өткізіп, міндетті түрде баптау қажет. Бізде саябақтағы бұл саймандарды көбіне маусым ашылар сәтте әзірлеп, балаларды қорғау күні еске алып жатады. Техника болғандықтан ол да тозады, бүлінеді. Сондықтан аттракциондардың ақау байқалған жерін алдын ала жөндеп, қосалқы бөлшектерін жаңартып тұру – кезек күттірмес шаруа.

НЕ?




ҚАЙДА?




ҚАШАН?

«ТАБИҒАТ ПОЭЗИЯСЫ»



Өтетін орны:
Plants kitchen &
bar (Жандарбеков
көшесі, 237/239).
Күні мен
уақыты:
18 маусым,
сағат 18.00.
Жанры:
шығармашылық
кеш.

«DALA FEST»



Өтетін орны:
Жамбыл атындағы
Қазақ мемлекеттік
филармониясы
(Қалдаяқов көшесі,
35).
Күні мен уақыты:
18 маусым,
сағат 18.00.
Жанры:
симфониялық
концерт.

«MIYAZAKI DREAMS»



Өтетін орны:
Республика сарайы
(Достық даңғылы, 56-үй,
Абай даңғылының
қиылысы).
Күні мен уақыты:
18 маусым,
сағат 19.00
Жанры:
концерт.
Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.

ДҮЙСЕНБІ
19 МАУСЫМ

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Алматы кеші
6.45 Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
7.45 Жаңалықтар/Новости
8.00 Таңғы студия
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильмы
11.30 Мультфильм. Татонка,
Джеки Чан
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Тұсаукесер! Телехикая.
«Махаббат деген...»
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский кино клуб
17.00 Женский кино клуб
18.00 Шешімі бар
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Тұсаукесер! Телехикая.
«Махаббат деген...»
21.00 Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
22.00 Мужское кино
0.00 Телехикая.
«Ханзада Ли Сон»
1.00 Қорытынды
жаңалықтар/Итоговые
новости
2.00 Шешімі бар
2.45 Өмір иірімі
3.25 Дала сазы
3.50 Алматы тұнған тарих
4.15 Алматинские истории
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы
ақпаратты-сазды
бағдарлама. Тікелей
эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Жазықсыз жүрек».
Телехикая.
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ».
Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Үміт пен үрей».
Телехикая.
(с субтитрами)
14.20 «Арта». Сараптамалық
бағдарлама.
15.10 «Дара». Ұлттық білім
бәйгесі.
16.10 «Самалмен сырласу».
Телехикая.
17.00 AQPAPAT
17.15 «АУЫЛДАСТАР»
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК».
Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ».
Қоғамдық-саяси ток-
шоу. Тікелей эфир.
21.30 «ҮМІТ ПЕН ҮРЕЙ».
Телехикая.
(с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР».
Телехикая.
(с субтитрами)
23.25 «1001 ТҮН». Қоғамдық
бағдарлама. Тікелей
эфир
0.35 ФУТБОЛ. EURO-
2024. Іріктеу кезеңі.
ФРАНЦИЯ – ГРЕЦИЯ.
Тікелей трансляция
2.45 AQPAPAT
3.20 «Өмір көркем»
4.10 Өнұран

ХАБАР

- 5.00 ҚР Өнұраны
5.00 Мегахит. «Гнев»
7.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті
еңбекте»
10.30 Мультсериал.
«Команда Дино»
12.00 Телехикая. «Мелек 2»
14.00 Тікелей эфирде
«АйнаLine»

- 15.00 Телевикторина.
«Бегом за деньгами»
16.00 Телесериал. «Кто ты?»
18.00 Новости
18.20 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.20 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Мелек 2»
21.45 Телехикая. «Келінжан 4»
23.00 «Ұйқым келмейді»
Тікелей эфир!
0.00 «StartUp KZ»
1.00 ҚР Өнұраны



31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 What's up?
07.00 Ризамын
08.00 «31 әзіл»
09.00 «Жапырақтар
төгілгенде» түрік
телехикаясы (повтор)
10.00 «Құнсыз келін» үнді
телехикаясы
11.00 Мультсериал «Команда
«Мстители»
12.00 Мультсериал
«Маша и медведь»
12.55 КИНО. Фредди Хаймор
в фэнтези «Спайдервик.
Хроники» (повтор)
15.00 КИНО. Дуэйн Джонсон
в боевике «Спасатели
Малибу» (повтор)
18.00 КИНО. Сами Насери в
комедийном боевике
«Такси»
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «50/50». Элеуметтік ток-
шоу. Тікелей эфир
22.00 КИНО. Джейсон Момоа
в боевике «Дикий»
00.00 «Жапырақтар
төгілгенде» түрік
телехикаясы
01.00 Үнді сериалы «Анупама»
01.40 «31 әзіл»
02.20 КИНО. «СиСиТай»
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ»
бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА»
бағдарламасы
7.35 «KOREMIZ»
бағдарламасы
8.30 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
9.35 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
10.20 «ПОСЛЕ ЗИМЫ».
Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
бағдарламасы.
Тікелей эфир
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ»
бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Александр Половцев,
Михаил Трухин в
многосерийном фильме
«УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ
ФОНАРЕЙ 14»
0.50 Дмитрий Марьянов
в многосерийном
фильме «ЛИЧНАЯ
ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ
САВЕЛЬЕВА»
2.00 Ночной кинотеатр.
«ДИВЕРСАНТ. КОНЕЦ
ВОЙНЫ»
2.55 «НОВОСТИ»
3.00 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.10 «П@УТИНА»
бағдарламасы
3.55 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
До 4.30



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Ата-ана.
Бала-шаға»

- 07.30 Т/п «Айна Online»
08.00 Jaidarman
09.00 Т/с «Нити судьбы»
11.10 Т/с «Семейные узы»
12.20 Т/с «Женский доктор»
14.30 Ток-шоу «Қыздар-ай»
15.40 Т/п «Жұлдызды
шаңырақта»
16.20 Әзіл time
17.00 Т/с «Семейные узы»
18.00 Т/с «Нити судьбы»
20.00 Т/с «Жена олигарха»
21.00 Т/с «Первая
отрицательная»
Премьера!
21.40 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
22.40 Т/х «Қанатсыз құстар»
23.40 Т/х «Пәленшеевтер»
00.20 Т/х «Ата-ана.
Бала-шаға»
01.00 Т/п «Айна Online»
01.30 Jaidarman
02.30 Т/п «Тамаша 7 км»
03.15 Т/х «Япырай»
03.40 Т/п «Жеңіп көр»
05.10 Т/п «Қуырдақ»



KTK

- 07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «КЕТТІК ТОЙҒА»
07.30 «АЛТЫН БАҚ»,
корей телехикаясы.
Тұсаукесер! С
субтитрами на русском
08.00 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ».
Өзбек телехикаясы. С
субтитрами на русском
09.10 «АРМАН. КОГДА
АНГЕЛЫ СПЯТ».
казахстанское кино
(худ. фильм) (повтор)
11.10 «ВЕРИТЬ И ЖДАТЬ».
мелодрама (худ. сериал)
(повтор)
16.00 «ҚАРА ГҮЛДЕР».
өзбек телехикаясы. С
субтитрами на русском
17.30 «МАХАББАТ
ОЙЫНДАРЫ».
өзбек телехикаясы. С
субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».
ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «КЛЯТВА ВРАЧА».
мелодрама (худ. сериал)
23.30 «СТРАЖНИК».
криминальный
детектив. Премьера!
(худ. сериал)
01.40 «АРМАН. КОГДА
АНГЕЛЫ СПЯТ».
казахстанское кино
(повтор)
03.00 «СҮЙГЕН ЖҮРЕК».
корей телехикаясы. С
субтитрами на русском
04.00 МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ
04.30 –
05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
(қайталау)

QAZSPORT

KAZSPORT

- 07.00 Өнұран
07.05 СПОРТИВНАЯ
ГИМНАСТИКА.
Кубок Мира
10.10 ФУТБОЛ. УЕФА
Конференция
Лигасының журналы
11.00 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар
Лигасы. (Ерлер)
Польша – Иран
13.20 «SUPER VOL!».
6 выпуск
14.05 ТАЕКВОНДО. Гран-при
16.05 «Жеңіл салмақ
жампозы». Біржан
Жақыпов. Деректі
фильм
16.35 БАСКЕТБОЛ. Батыс
Азия Суперлигасы.
Сергiздік финал. «Beirut
First Club» (Ливан) –
«Al Riyadi» (Ливан)
17.55 САМБО. Спорттық
және жауынгерлік Азия
Чемпионаты
18.55 «Дзюдошылар додасы».
Арнайы репортаж

- 19.10 ВОЛЕЙБОЛ.
Ұлттар Лигасы.
(Ерлер)
Нидерланд –
Германия
20.55 «SPORT REVIEW»
ақпараттық-
сараптамалық
бағдарламасы
21.25 ФУТБОЛ.
УЕФА Чемпиондар
Лигасының журналы
21.50 ФУТБОЛ. EURO-2024
іріктеу турнирі. Армения
– Латвия. Тікелей эфир
00.05 ФУТБОЛ. Матч
қарсаңында. Студиялық
бағдарлама. Тікелей
эфир
00.35 ФУТБОЛ. EURO-
2024 іріктеу турнирі.
Солтүстік
Ирландия – Қазақстан.
Тікелей эфир
02.45 «Сұрмергендер
сайысы». Арнайы
репортаж
03.00 Өнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Өнұраны
7.05 «Бой сергіт!» ойын-
сауықтық бағдарлама
7.15 Анимация. Отандық /
«Көжектер»
7.40 «Джунгли кітабы»
Мультхикая.
8.05 «Фияның перизаттары»
Мультхикая.
8.30 Анимация. Отандық /
«Тотықұстар»
9.00 «Құтқарушы
ойыншықтар»
Мультхикая.
9.15 «Miss Kaussar»
танымдық бағдарлама
9.25 «Лесси» Мультхикая.
9.50 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
10.00 «Дуда мен Дада»
Мультхикая.
10.25 «Этикет әлемі»
танымдық бағдарлама.
10.35 «Сиқырлы ас үй»
Мультхикая.
11.00 «Суретші балапан»
танымдық бағдарлама.
11.05 «Трансформерлер.
Құтқарушы боттар»
Мультхикая.
11.30 Анимация. Отандық /
«Бөпе»
11.40 Анимация. Отандық /
«Жібек»
12.00 «Байқа, балақай!»
танымдық бағдарлама.
12.05 Анимация. Отандық /
«Ер Тарғын»
12.25 «Құпия кітап» ситком.
12.45 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир
«Кім тапқыр?»
интеллектуалдық ойын
13.35 «Достық – жеңілмейтін
күш» Мультхикая.
13.55 «Саядан хат» танымдық
бағдарлама
14.15 «Джунгли кітабы»
Мультхикая.
14.40 «Бал балалары» ситком.
15.00 Анимация. Отандық /
«Көжектер»
15.35 «Құтқарушы
ойыншықтар»
Мультхикая.
15.50 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
16.05 «Miss Kaussar»
танымдық бағдарлама
16.20 Анимация. Отандық /
«Тотықұстар»
16.50 «Тәй-тәй шоу» ойын-
сауықтық бағдарлама
17.15 «Фияның перизаттары»
Мультхикая.
17.40 «Үйрен де, жирен!»
танымдық бағдарлама
17.55 «Сиқырлы ас үй»
Мультхикая.

- 18.20 «Құпия кітап» ситком.
18.40 Анимация. Отандық /
«Жібек»
19.00 «Джунгли кітабы»
Мультхикая.
19.25 «Лесси» Мультхикая.
19.50 «Дуда мен Дада»
Мультхикая.
20.20 «Достық – жеңілмейтін
күш» Мультхикая.
20.45 «Бал балалары» ситком.
21.05 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
21.25 «Трансформерлер.
Құтқарушы боттар»
Мультхикая.
21.50 Анимация. Отандық /
«Бөпе»
22.00 «Сиқырлы бөлме»
кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы тас»
22.45 «Саядан хат» танымдық
бағдарлама
23.05 Анимация. Отандық /
«Ер Тарғын»
23.25 «Тәй-тәй шоу» ойын-
сауықтық бағдарлама
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANA TV

- 06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.25 «Кішкентай келін»
телехикаясы
07.20 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.00 «Практика 2»
телесериал
10.10 «Қарлығаш ұя салғанда»
телехикаясы
12.20 «Осман» түрік
телехикаясы
13.20 «Қара ниет» түрік
телехикаясы
15.30 «Склифосовский 2»
телесериал
18.00 «Узнай меня, если
сможешь» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Осман» түрік
телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы»
үнді телехикаясы
22.50 «Лакшми» үнді
телехикаясы
00.00 «Узнай меня, если
сможешь» телесериал



TALIM TV

- 07.00 Views
08.10 Қышқыл мысқыл
09.00 Балалық шаққа саяхат
09.30 Проза параграфы
09.55 Сау болайық
10.20 Ем болсын
10.30 Қалақай
11.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» –
Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ғибратты ғұмырлар
13.24 Dental planet
13.30 Абайдың жолы
14.10 Talim Speakers
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Сырласайық»
(Архив) –
Қайталау
16.00 «Көке» –
телехикая
17.00 Сау болайық
17.10 Айтыс. Алтын қор
18.00 Менің анам, әкем
18.20 Саморазвитие с
Маржан-коуч
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет»
19.00 Тәлім trend
19.35 Саммари 100 кітап
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» –
Қайталау
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.30 «7 келін» –
телехикая
22.00 «Бабалар сөзі – өсиет»
22.30 Автопортрет
22.55 Views

СЕЙСЕНБІ
20 МАУСЫМ

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
6.50 Телехикая. «Ұлы Селжүктер»
7.45 Жаңалықтар/Новости
8.00 Таңғы студия
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильмы
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Махаббат деген...»
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский кино клуб
17.00 Женский кино клуб
18.00 Шешімі бар
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Махаббат деген...»
21.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер»
21.55 Мужское кино
23.55 Телехикая
0.55 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.55 Шешімі бар
2.40 Өмір иірімі
3.20 Дала сазы
3.45 Алматы тұнған тарих
4.10 Алматинские истории
4.35 Алматы кеші
5.50 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Жазықсыз жүрек». Телехикая.
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Үміт пен үрей». Телехикая.
(с субтитрами)
14.25 «Қызық екен...»
15.25 «Әйел әлемі»
16.00 «Самалмен сырласу». Телехикая.
17.00 AQPAPAT
17.15 «АУЫЛДАСТАР»
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAN». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир
21.30 «ҮМІТ ПЕН ҮРЕЙ». Телехикая.
(с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
(с субтитрами)
23.25 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35 ФУТБОЛ. EURO-2024. Іріктеу кезеңі. ИСЛАНДИЯ – ПОРТУГАЛИЯ. Тікелей трансляция
2.45 AQPAPAT
3.20 «Өмір көркем»
4.10 Өнұран

ХАБАР

- 5.00 ҚР Өнұраны
5.00 Телесериал. «Кто ты?»
7.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Уәде»
10.30 Мультсериал. «Команда Дино»
12.00 Телехикая. «Мелек 2»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
16.00 Телесериал. «Кто ты?»
18.00 Новости
18.20 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар

- 19.20 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Мелек 2»
21.45 Телехикая. «Келінжан 4»
23.00 «Ұйқым келмейді»
Тікелей эфир!
0.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
1.00 ҚР Өнұраны



31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 What's up?
07.00 Информбюро (повтор)
08.00 «31 әзіл»
09.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы (повтор)
10.00 «Күнсыз келін» үнді телехикаясы
11.00 Мультсериал «Команда «Мстители»
11.30 Мультсериал «Маша и медведь»
12.10 Анимационный фильм «Похождения императора 2»
14.00 КИНО. Джейсон Момоа в боевике «Дикий» (повтор)
16.00 КИНО. Сами Насери в комедийном боевике «Такси» (повтор)
18.00 КИНО. Сами Насери в комедийном боевике «Такси 2»
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «50/50». Әлеуметтік ток-шоу. Тікелей эфир
22.00 КИНО. Жан-Клод Ван Дамм в боевике «Универсальный солдат»
00.10 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
01.10 Үнді сериалы «Ануама»
01.40 «31 әзіл»
02.10 What's up?
02.30 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7.00 «P@UTINA» бағдарламасы
8.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
9.05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
11.00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12.00 «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ». Многосерийный фильм
13.05 «СПРОСИТЕ МЕДСЕСТРУ». Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Александр Половцев, Михаил Трухин многосерийном фильме «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ 14»
0.50 Дмитрий Марьянов в многосерийном фильме «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЬЕВА»
2.00 Ночной кинотеатр. «ДИВЕРСАНТ. КОНЕЦ ВОЙНЫ»
2.55 «НОВОСТИ»
3.00 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.10 «P@UTINA» бағдарламасы
3.55 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
До 4.30



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»

- 07.30 Т/п «Айна Online»
08.00 Jaidarman
09.00 Т/с «Нити судьбы»
11.10 Т/с «Жена олигарха»
12.20 Т/с «Женский доктор»
14.30 Ток-шоу «Қыздар-ай»
15.40 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
17.00 Т/с «Семейные узы»
18.00 Т/с «Нити судьбы»
20.00 Т/с «Жена олигарха»
21.00 Т/с «Первая отрицательная» Премьера!
21.40 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
22.40 Т/х «Қанатсыз құстар»
23.40 Т/х «Пәленшеевтер»
00.20 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
01.00 Т/п «Айна Online»
01.30 Jaidarman
02.30 Т/п «Тамаша 7 км»
03.15 Т/х «Япырай»
03.40 Т/п «Жеңіп көр»
05.10 Т/п «Қуырдақ»



KTK

- 07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «АЛТЫН БАҚ», корей телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
08.00 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.10 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
09.40 «БЫЛО ДЕЛО»
10.40 «СТРАЖНИК», криминальный детектив (повтор) (худ.сериал)
12.50 «КЛЯТВА ВРАЧА», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00 «ҚАРА ГҮЛДЕР», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
17.30 «МАХАББАТ ОЙЫНДАРЫ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «КЛЯТВА ВРАЧА», мелодрама (худ.сериал)
23.30 «СТРАЖНИК», криминальный детектив. Премьера! (худ.сериал)
01.10 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
02.05 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
02.50 «СҮЙГЕН ЖҮРЕК», корей телехикаясы. С субтитрами на русском
03.50 МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ
04.30 –
05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Өнұран
07.05 «SUPER BOL!». 7 выпуск
07.45 ФУТБОЛ. EURO-2024 іріктеу турнирі. Солтүстік Ирландия – Қазақстан
09.50 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
10.20 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
10.50 ГАНДБОЛ. Чемпионат Азии среди женских клубов. «T-Sport» (Индия) – «Kauser» (Казахстан) Тікелей эфир
12.50 ГАНДБОЛ. Чемпионат Азии среди женских клубов. «Uzbekhka» (Узбекистан) – «AL Qurain» (Кувейт) Тікелей эфир
14.50 ГАНДБОЛ. Чемпионат Азии среди женских клубов. «Shanyrak» (Казахстан) – «SK Sugar gliders» (Южная Корея)

- 16.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) Иран – Германия. Тікелей эфир
19.00 «Тәлімгер». Марат Жақыт. Деректі фильм
19.30 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
20.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) АҚШ – Сербия. Тікелей эфир
22.35 «Дзюдошылар додасы». Арнайы репортаж
22.55 КӘСІПҚОЙ БОКС. Девин Хейни – Василий Ломаченко
00.05 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
00.35 ФУТБОЛ. EURO-2024 іріктеу турнирі. Австрия – Швеция. Тікелей эфир
02.40 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
03.05 Өнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 «Қане, бізге қосыл!» ойын-сауықтық бағдарлама
7.15 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
7.40 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
8.05 «Фияның перизаттары» Мультхикая.
8.30 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
9.00 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
9.15 «Аспаз мектебі» танымдық бағдарлама
9.25 «Лесси» Мультхикая.
9.50 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
10.00 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
10.25 «Әтикет әлемі» танымдық бағдарлама.
10.35 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
11.00 «Алтын сақа» танымдық бағдарлама.
11.05 «Трансформерлер. Құтқарушы боттар» Мультхикая.
11.30 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
11.40 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
11.50 Анимация. Отандық / «Жұлдыздар әлемі»
12.00 «Ғажайып өлке» танымдық бағдарлама.
12.05 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
12.25 «Галактикадағы сайыс» интеллектуалдық ойын.
12.45 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.35 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
13.55 «Қос алқа» танымдық бағдарлама
14.15 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
14.40 «Бал балалары» ситком.
15.00 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
15.35 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
15.50 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
16.05 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
16.20 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
16.50 «Тәй-тәй шоу» ойын-сауықтық бағдарлама
17.15 «Фияның перизаттары» Мультхикая.
17.40 «Алтын сақа» танымдық бағдарлама.
17.45 Анимация. Отандық / «Жұлдыздар әлемі»

- 17.55 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
18.20 «Галактикадағы сайыс» интеллектуалдық ойын.
18.40 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
19.00 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
19.25 «Лесси» Мультхикая.
19.50 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
20.20 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
20.45 «Бал балалары» ситком.
21.05 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
21.25 «Трансформерлер. құтқарушы боттар» Мультхикая.
21.50 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
22.00 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
22.55 «Қос алқа» танымдық бағдарлама
23.05 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
23.25 «Тәй-тәй шоу» ойын-сауықтық бағдарлама
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANA TV

- 06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.25 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.20 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Практика 2» телесериал
10.10 «Қарлығаш ұя салғанда» телехикаясы
12.20 «Осман» түрік телехикаясы
13.20 «Қара ниет» түрік телехикаясы
15.30 «Склифосовский» телесериал
18.00 «Узнай меня, если сможешь» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
22.50 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.00 «Узнай меня, если сможешь» телесериал

TALIM TV

TALIM TV

- 07.00 Syrym story
07.40 Руханият
08.10 Қазақ спортының классикасы
09.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
09.55 Сау болайық
10.20 Ем болсын
10.30 «Ерте, ерте, ертеде...» – Балалар уақыты
11.00 Пруст сауалнамасы
11.30 Семейный доктор
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Өнер қырандары
13.24 Dental planet
13.30 Бір дубль
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «7 келін» – телехикая
16.30 ТамашаLike-05
17.00 Сау болайық
17.10 Views
18.20 Оңline
18.30 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
19.00 Емен-жарқын
19.35 По душам
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.30 «7 келін» – телехикая
22.00 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
22.30 Orkeni style
22.55 Views

СӘРСЕНБІ
21 МАУСЫМ

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
- 6.50 Телехикая. «Ұлы Селжүктер»
- 7.45 Жаңалықтар/Новости
- 8.00 Таңғы студия
- 10.00 Алматы со вкусом
- 10.15 Мультфильм
- 11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан
- 13.00 Үздік әзілдер
- 14.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Махаббат деген...»
- 15.00 Күндізгі жаңалықтар
- 15.15 Дневные новости
- 15.30 Женский кино клуб
- 17.00 Женский кино клуб
- 18.00 Шешімі бар
- 19.00 Қорытынды жаңалықтар
- 19.30 Итоговые новости
- 20.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Махаббат деген...»
- 21.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер»
- 22.00 Мужское кино
- 0.00 Телехикая. «Ханзада Ли Сон»
- 1.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
- 2.00 Шешімі бар
- 2.45 Өмір иірімі
- 3.25 Дала сазы
- 3.50 Алматы тұнған тарих
- 4.15 Алматинские истории
- 4.40 Алматы кеші
- 5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
- 6.05 «Жәдігер»
- 6.25 AQPAPAT
- 7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
- 10.00 AQPAPAT
- 10.10 «Жазықсыз жүрек». Телехикая.
- 12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
- 13.00 AQPAPAT
- 13.10 «Үміт пен үрей». Телехикая. (с субтитрами)
- 14.25 «Қызық екен...»
- 15.25 «Тұлға»
- 16.00 «Самалмен сырласу». Телехикая.
- 17.00 AQPAPAT
- 17.15 «АУЫЛДАСТАР»
- 18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая.
- 20.00 AQPAPAT
- 20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
- 21.30 «ҮМІТ ПЕН ҮРЕЙ». Телехикая. (с субтитрами)
- 22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
- 23.25 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
- 0.35 AQPAPAT
- 1.10 «Сана»
- 2.30 «Өзекті»
- 2.50 «Өмір көркем»
- 3.40 «Тұлға»
- 4.00 «Жәдігер»
- 4.20 Өнұран

ХАБАР

- 5.00 ҚР Өнұраны
- 5.00 Телесериал. «Кто ты?»
- 7.00 Тікелей эфирде «Оян!»
- 10.00 «В фокусе»
- 10.30 Мультхикая. «Джеки Чанның жаңа хикаялары»
- 12.00 Телехикая. «Мелек 2»
- 14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
- 15.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»

- 16.00 Телесериал. «Кто ты?»
- 18.00 Новости
- 18.20 Ток шоу. Итоги
- 19.00 Қорытынды жаңалықтар
- 19.20 Ток шоу. Біздің мақсат
- 20.00 Телехикая. «Мелек 2»
- 21.45 Телехикая. «Келінжан 4»
- 23.00 «Ұйқым келмейді»
- Тікелей эфир!
- 0.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
- 1.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
- 06.00 What's up?
- 06.20 Информбюро (повтор)
- 07.20 Анимационный фильм «Похождения императора 2» (повтор)
- 09.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы (повтор)
- 10.00 «Құнсыз келін» үнді телехикаясы
- 11.00 Мультсериал «Команда «Мстители»
- 11.30 Мультсериал «Маша и медведь»
- 11.50 Анимационный фильм «Луннис»
- 13.50 КИНО. Жан-Клод Ван Дамм в боевике «Универсальный солдат» (повтор)
- 16.05 КИНО. Сами Насери в комедийном боевике «Такси 2» (повтор)
- 18.05 КИНО. Сами Насери в комедийном боевике «Такси 3»
- 20.00 Информбюро (рус/каз)
- 21.00 «50/50». Әлеуметтік ток-шоу. Тікелей эфир
- 22.00 КИНО. Лиам Нисон в боевике «Схватка»
- 00.40 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
- 01.40 Үнді сериалы «Анулама»
- 02.20 «31 әзіл»
- 03.00 Әзіл студия
- 03.50 1001 Әзіл
- 04.00 BALA BATLLE
- 04.30 What's up?
- 05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
- 7.00 «P@UTINA» бағдарламасы
- 8.00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
- 9.05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
- 10.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
- 11.00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
- 12.00 «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ». Многосерийный фильм
- 13.05 «СПРОСИТЕ МЕДСЕСТРУ». Многосерийный фильм
- 14.10 «НОВОСТИ»
- 14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
- 14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
- 18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
- 19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
- 20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
- 20.35 Александр Половцев в многосерийном фильме «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ 14»
- 0.50 Дмитрий Марьянов в многосерийном фильме «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЬЕВА»
- 2.00 Ночной кинотеатр. «ДИВЕРСАНТ. КОНЕЦ ВОЙНЫ»
- 2.55 «НОВОСТИ»
- 3.00 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
- 3.10 «P@UTINA» бағдарламасы
Соңғы уақыттары кітапқа деген құмартушылық байқалады. Әсіресе, жастар шытырман оқиғалы, таңғажайып құбылыстарды суреттейтін туындыларға ынтық. Бәлкім, батыс пен жапон, корей елдерінің аниме жанрының кірігуіне байланысты шығар. Сонымен қоса, ғаламтордағы сыртқы фактор қатты әсер етеді. Қазір бұрынғыдай бума-бума қағаз арқалайтындар аз. Көбісі электронды оқырмандар қатарына қосылуда. Бәрі оңтайланған. Оның үстіне, аудио нұсқаны тыңдайды. Баршасы алдыңызда тұр. Бұдан кәсіп істеп, ақылы етіп, пайда тауып, сайт ашып жүргендер бар. Бұл да заманауилықтың бір белгісі деп ұғамыз.

Адамзат кітап оқудан түрлі ләззат алады. Оны біреу білсе, екінші елей қоймас. Сандық формацияның дәуірі жүріп тұр. Сондықтан қалтарыста қалмай, қиыншылыққа талмай алға жүру қажет. Бір сәт көркем шығарма оқып, ойды серпілкенге не жетсін. Біздіңше, кітаптың адамға берер пайдасы көп.

Көбіміз рухани құндылықтардан алшақтап қалдық. Әлеуметтік желіге ауып кеттік. Десе де, барша ілімнің басы, маңызы, жауһар жырлар кітаптарда жатқанын ұмытпағанымыз абзал.

Бүгінгі оқырман талғамы басқа. Бұрынғы ізбен жүрмесі анық. Ұзын-сонар сөйлемдер, қат-қабат шығармалар, том-том дүниелер көпшілік аудиторияны қызықтыра бермейді. Десе де, роман оқитындардың өз қызығушылығы бар.

Осыған байланысты назарларыңызға жиі оқылатын 6 кітапта тізімін ұсынамыз.

«Абай жолы»

Көрнекті қаламгер Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы халқымыздың ұлы құндылығы болып табылады. Бұл кітапта данышпан Абай атамыздың өмір жолы, қызметі, XIX ғасырдағы қазақ қоғамы суреттелген. Шамамен, 50 жылдық уақыт қамтылған. Ең қызығы, мысалы, «келбет» деген сөзді 50-ден аса синониммен беріпті. Автор осы шығармада 17 мыңға жуық сөз қолданыпты. Бұл – қазақ туындылары арасынан шет тіліне ең көп аударылған шығарма.



«Абай жолы» білмейтін қазақ аз шығар. Бұл көркем туынды қазақты әлемге танытты. Шетелдің ондаған тіліне аударылды. БҰҰ ресми бекіткен тілдерінің барлығына дерлік тәржіма жасалды. Дейтұрғанмен, мұнымен тоқтап қалуға негіз жоқ. Орайы келсе әлі де аудармасын ширатып, әбден ілеуін қадыра берген абзал. Шетелдің кітапханаларында аталған туынды самсап тұрса дейміз. Өйткені, бұл – бас кітап.

Хакім Абай туралы бұл кітап көпке үлгі.



Ішінен қажетті дүниені түгел табасыз. Қай жаста оқысаңыз да, ешқашан жалықпайсыз. Мүмкін болса, кітапты бір рет қана емес, бірнеше рет қайталап оқыған дұрыс. Сонда ғана түпкі мағынасын аңғарасыз. Тілі бай, шұрайлы жазылған шығарма дер едік.

«Көшпенділер»

Жазушы Лияс Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи-трилогиясы қазақ халқының сан ғасырлық шежіресін қамтиды. Мұнда 5 ғасырлық оқиға, яғни XV-XIX ғасыр аралығындағы Қазақ хандығы өмір сүрген кезеңі жазылған.



«Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» сияқты үш бөлімге бөлінген.

Аталған туынды желісімен Қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Қазақ елі» атты тұңғыш тарихи телесериал түсірілді. Сонымен бірге, трилогия көптеген тілдерге аударылған. 2012 жылы «Көшпенділер» жапон тілінде жарық көрді. 2012 жылы неміс тіліндегі аудармасы шықты.

Бұл туынды нағыз шедевр. Көненің көзі десек, артық айтпағандық болар. Өйткені, қазақтың көрмегені жоқ. Аштық пен тоқтық дәмін қатар татты. Халқымыздың сан ғасырлық шежіресін жазу, архивті ақтару, оқиғалар желісін дамыту оңай шаруа емес-ті. Қылышынан қан тамып тұрған шақта мұндай тарихи трилогия жазу – ерлік. Осындай ерекше істерді санамалай келе, жазушы Лияс атамызға мың алғыс айтамыз. Бұйыртыса, қазақ тарихына тереңдеп, егжей-тегжейлі жазылған романдар дүниеге келеріне сенеміз.

«Мәмлүк»

Әйгілі сценарист әрі режиссер Ермек Тұрсыновтың «Мәмлүк» кітабы көпшілік оқырманды өзіне бірден баурады. Ұлы даланың бір қиырынан шығып, Египет, қала берді күллі араб түбегіне аты мәшһүр болған, жасында құлдыққа сатылған, айбыны мен қайсарлығы арқасында 17 жыл патша болған қыпшақ-мәмлүктен шыққан Сұлтан Бейбарыстың ғұмырнамасы суреттелген. «Бұл шығарма осыған дейін араб, орыс тілдерінде басылып еді. Қазақша аудармасын кезінде Герольд Бельгер оқып, айрықша мадақтап, ыстық ықыласын білдіріпті. Бұл 11 жыл легенде қаржылай қолдау табылып, жарық көрді.

Мәмлүк терминін айта бастасак, Сұлтан



Бейбарыс бабамыз ойға оралады. Сондықтан жастар жиі оқитын туынды болып тұр. Алыс-жақын шетелдегілер де құмартып жүргендігін байқадық. Қазір ақпараттық ғасыр болғандықтан, жарнамасы жер жарып жатыр. Сол себепті де, қазақ шығармалары әрдайым биік деңгейге көтерілсе, құба-құп болар еді.

«Екінші болма»

Бұл туындының авторы ақын да, жазушы да емес. Десе де, аталған салалардан қашық



емес. Қайта рухани табиғаты үндес. Табысты кәсіпкер Қуаныш Шонбай бұл кітабында тұлғаны және бизнесті дамытуға қатысты ақпараттармен бөліседі. Екі жарым жылда «Rumi Group» мейрамханалар желісі ең дәмді танымал және беделді брендке айналды. Алайда, оны білетіндер осы 2,5 жылды ғана көреді. Ал бұған дейінгі Қуаныш мырзаның 8 жыл бойы шындалған, дайындалған, қателескен, өкінген, банкротқа ұшырап, қайта көтерілгенін көбі білмейді де. Автор өзінің мысалында келтірген даму жолдары мен оның қазақша жеңіске жету

теориясы өзіңізді және кәсібіңізді де жаңа деңгейге көтеруге көмектеседі.

Бұл жастар арасында ерекше қызығушылық тудырды. Ғаламторда ең жиі оқылатын және сатылымы жоғары кітаптар қатарына жатады.

«Менің екінші кітабым»

Қазіргі таңдағы рейтинг бойынша тізімді бастап тұрған кітап дей аламыз. Мұны жазған – тележүргізуші Ләйла Сұлтанқызы. Ол әйел затына бағыттап, отбасы мен нәзік



жандылардың өмірі туралы сыр шертеді. Сонымен қоса, тағдыр жолында кездескен түрлі қиыншылықтар айтылады. Сол ұшырасқан келенсіз жайттардан шығудың жолдары, қаймықпай қарсы тұру, өз-өзін дәлелдеу сынды т.б. дүниелер қозғалады.

Көбіне мансапты қалыптастыру, қоғамда қыз-келіншектердің беделін қалыптастыру жағынан қажетті мотивация беріледі.

Иә бұл туынды сәл ертерек жазылды. Десе де, депрессияға түскен жандар аталған кітаптан бас тартпады. Бірнеше мәрте басылды. Сондықтан көзден кетсе де, көңілден кетпейтін кітап болды деп толық айта аламыз.

«Өзіңді оят!»

Қазақстандағы ең жас кәсіпкерлердің бірегейі Аманжол Рысмендиевтің «Өзіңді оят!» кітабы мотивациялық бағытта жазылған. Соңғы уақытта бағасы құнды әрі жиі сұранысқа түсіп жүр. Жас өрендерге негізделген, бизнеске құштарлықты оятатын еңбек. Еліміздің түкпір-түкпірінде осы кітап



бойынша түрлі тренингтер мен құлшынысты оятатын семинарлар өтіп келеді. Оқырмандар аудиториясы жастар екені айқын. Кәсіп ашып, оны жетілдіріп, әлемдегі ең бай адамдар тізіміне енгісі келетіндер арасында аса зор сұранысқа ие. Нарықтағы бағасының қымбаттығына қарамастан, сатып алушылар азайған емес. Сонымен қоса, суреткер психологиялық аспектілерді де қосып жазған. Соның нәтижесінде аталған туынды алдыңғы қатарда тұр.

● ТҮЙІН:

Көрнекті қаламгер Әбіш Кекілбаев «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» депті. Расында, тауып айтылған сөз. Сондықтан кітап адамзаттың жан әлеміне тікелей әсер етуші фактор дер едік. Қым-қуыт тірліктен бас алмай жүре беруге болады. Бүгін анда шапқылап, ертең басқа жерден ас ішіп, аяқ босатуға ештеңе кедергі емес. Алайда, құр даңғазалық опа алып бермесін сеземіз. Ойланатын-ақ жағдай. Мейлінше руханият көкжиегін кеңейтіп, білім нәрімен сусындап жүргенге не жетсін!



БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

ТЕКТИЛЕРДІҢ ҰРПАҒЫ

Чернобыль мен Қызылағаштағы жойқын апат салдарын жоюға қатысқан Талғат Мекебаев туралы бір үзік сыр

«Тектіден текті туады,
тектілік тұқым қуады.
Тектілердің тұяғы,
таңдайды күз-қияны. Шын
тектілер халқы үшін, өлімге
басын қияды. Жақсы,
жаман деместен, жанына
жұртын жияды» дейді
халық даналығы.

Менің кейіпкерім – Төкеннің, «Парасат» кәсіподағы ұйымының төрағасы, тарих ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор Талғат Құмарғалиұлы Мекебаевтың ата-бабалары шежіре бойынша да, әулет тарихына үңілсек те жеті атасынан бері қажы да (Әлпеш қажы), би де (Матай би), бай да (Шымырбай), ру басылары да (Киікбай, Мәмбетей) болғанын бағамдаймыз. Олардың бәрі XVII-XIX ғасырларда дәстүрлі қазақ қоғамында өмір сүрген тұлғалар. Қазіргі күннің тұрғысынан қарағанда қажы, ол – өз жұртының әруақ қонған, Мекке мен Мединаны көрген рухани көсемі, би – өз елінің әділетті ту етіп ұстаған төрешісі, ру басы – өз руының мойындалған көсемі, бай – өз елінің қидыр дарыған, Қызыр ата қолдаған берекелі және қажет кезде елдің асыраушы тұлғасы болып табылады.

Мекебай деген фамилияның өзі Мекке сөзімен байланысты екені бірден аңғарылып тұр. Төкеннің айтуына қарағанда, Әлпеш бабасы қажылықтан аман-есен оралғанда атасы туылып, есімін Мекебай қойған екен. Жеті атасынан бергі әр ғасырдағы ата-бабалар бойындағы асыл қасиеттер мен тектілік қазіргі кезде Мекебаевтар әулетіне орын тепкендей. Өйткені, бұл әулеттен өсіп-өнген азаматтардың бойынан тектілік қасиеттер бірден байқалып тұрады.

Талғат Құмарғалиұлымен алғашқы танысқан сәт дәл қазіргідей көз алдымда. 1985 жылдың тамыз айының соңғы күндері Қазақстанның әр түкпірінен келген 50-ден астам ұл-қыздың үміттері ақталып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың (сол кездегі С.М.Киров атындағы ҚазМУ) Тарих факультетіне оқуға түсіп, студент атанды. Қазіргі университет ғимаратының алдында әскерге барып келген бірнеше жігіт жақын таныстық. Солардың бірі – қараторы, бойшаң, денелі және кең иықты, мұрт қойып, шашын оңға қарай маңдайының үстінен қайырып қойған жылы жүзді жігіт Талғат еді. Оның өте сыпайы күлімдеп, басын сәл ғана алға қарай еңкейтіп, оң қолын беріп амандасқан сәті есімде қалыпты...

Бес жылға созылған студенттік жылдар зулай өте шықса да, есте қалған оқиғалар мен ауыз толтырып айта жүрер әңгімелер өте көп. ҚазМУ қалашығындағы №6 жатақхана бәріміздің туған үйіміздей болды. Ауылшаруашылық жұмысында да Талғат, Еділ, Қайыржан, Болат және мен бір бөлмеде тұрдық, студенттік жылдарда да, кейін де жұмымыз ажырамай бірде ток, бірде аш жүрдік. Арамыздағы сыйластық пен достық қатынастар отбасылық қатынастарға ұласып кеткенін байқамай да қалыппыз. Біз үшін солай болуы заңды және міндетті сияқты болып көрінеді. Басқаша қалай болатынын көз алдыма елестете алмаймын.

Студенттік жылдары Төкең сабақтарымен қатар университет көлеміндегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, соның бел



ортасында қайнап жүрді. Екінші курстан бастап ол бүкіл студенттер қалашығындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін Жедел комсомолдық жасақ командирі (ОКД) болып тағайындалды және оны соңғы курсқа дейін абыроймен орындап шықты. Бұл лауазымның тек тәрбие жөніндегі проректорға және ректорға ғана бағынатынын ескерсек, екінші курстан бастап досымыз Талғат Мекебаевтың мойнында қандай жауапкершіліктің болғаны және оны мойымай, қалай абыроймен орындағаны айтпаса да түсінікті. Төрт жыл бойы осы жауапты қызметті қоғамдық негізде атқарды. Бойындағы жақсы бір қасиет – ол әркез әлсіздерге көмек қолын созатын, жағдайы нашарларға көп көмектесетін, мүмкіндігінше мемлекет тарапынан материалдық көмектер де алып беретін. Менің ойымша, бұл қасиет – оның ата-бабасынан бері жалғасып келе жатқан тектілік қасиеттің бір белгісі, көрінісі деп білемін. Бөлмелес болғандықтан одан талай жандардың көмек сұрап келгенінің және оларға қалай көмектескенінің куәгері болдым.

ҚазМУ ОКД-сының командирі ретінде ол бүкіл факультеттің студент-жастарына барынша жақсылықтар жасады, көмекке жүгінгендердің барлығына шама-шарқынша көмектесті. Жатақханадан орын алып беру, стипендиядан айырылғандарға ректорға хат жазып, оны тағайындату, кәсіподақ арқылы мұқтаж студенттерге материалдық көмектер көрсету, тіпті қысқы және жазғы сессияларда қиналыққырап қалғандарға деканат арқылы көмектесу – студенттік жылдардағы Төкеннің басты жұмыстарының бірі болды деуге болады. Солардың арқасында ол тек факультет ішінен ғана емес, сонымен бірге бүкіл университет көлемінде нағыз достар тапты, абыройға бөленді. Студенттік достары оның жақсылығын ұмытпай, әлі күнге дейін хабарласып тұрады. Олардың арасында генерал да, академик те, министр де, депутат та, сенатор да, банкир де, ректор да, ақын да, жазушы да бар.

Кенестік кезеңде тарих факультетінде оқитын студенттерді идеологиялық майданның жауын-

герлері деп атайтын. Және де бәріміз соған лайықты болуға тырысушы едік. 1986 жылы сәуір айының соңында Чернобыль атом станциясындағы жарылысты бүкіл дүние жүзі адамзат баласының тарихындағы аса ірі техногендік апат деп таныды. Жүз мыңдаған адамдар апат аймағынан көшіріліп, оларға тез арада тұрғын үй салу қажет болды. Оған ҚазМУ студенттері де атсалысты. Университеттен бірнеше құрылыс отряды жасақталғанда бірінші курсты аяқтап жатқан Талғат Мекебаев та өз еркімен оған жазылып, туысқан республика аумағында тұрғын үй салушыға барып қайтты. Ол жөнінде Төкеннің өзі көп айта бермейді. «Чернобыльдықтарға» берілетін материалдық жәрдемді неге алмайсың дегендерге: «қайтсем, ол кезде біздер кейін еңбегімізді бұлдап, жәрдем сұрау үшін барған жоқпыз, үлкен патриоттық сезіммен бардық, басқа жігіттерден ұят емес пе» деп жауап қайтаратын. Бұл да досымыздың көпшілік біле бермейтін бір қырын көрсетсе керек.

Досымыздың осы қасиетінің тағы бір рет көрініс бергенін университетте жауапты қызметте отырғанда көрдік. 2010 жылы наурыздың басында Алматы облысындағы Қызылағаш ауылында бәрімізге белгілі апат оқиғасы орын алғанда алғашқылардың бірі болып зардап шеккендерге көмек қолын созған және университет көлемінде жиналған материалдық заттай көмекті оншақты жүк машинасынан колонна жабдықтап, қажетті жеріне жеткізіп берген біздің досымыз болатын. Өзгенің қайғысын өзінікіндей сезініп, оны барынша азайтуға күш салу Төкеннің қанында бар еді. Сол себепті де, осындай үлкен жауапты және зор қайырымдылық жұмысты абыроймен орындап шықты.

Өзіне сеніп тапсырылған жұмысты үлкен жауапкершілікпен атқаратынын білген университет басшылығы досымызды оқу орнының кәсіподақ ұйымына басшылық жасауды сеніп тапсырды. Досымыз Төкеннің бұл жауапты жұмысты атқарып келе жатқанына он екі жылдан асты.

Бүгінде «Парасат» кәсіподақ

ұйымы оқытушы-профессорлық құрам үшін университеттегі барлық игілікті істер мен жағымды жаңалықтарды жүзеге асырып келе жатқанын көріп отырмыз. Осыдан 7-8 жыл бұрын университет пәтер кезегінде тұрған өз қызметкерлеріне тегін 120-дай пәтер берді. Ал осы тұрғын үйлерді салғызу, сапасын қадағалау, салған құрылыс компаниясымен келісімдерге отыру, құқықтық нормативті құжаттармен қамтамасыз ету, қалалық әкімшілікпен бірлесіп жұмыс жасау, пәтерлерді бөлу және тағы басқа қажетті жұмыстардың басы-қасында «Парасат» атынан тағы да Төкен жүрді. Профкомның сол кездегі жүгірісін «түнде көз ілмеді, күндіз тізе бүкпеді» деуге болады. Ақыры, ойға алынған жұмыс нәтижелі болып, университет басшылығы мен Төкен басқарған кәсіподақ ұжымы қаншама жанның шексіз алғысына бөленді.

Бұл үлкен жеңістің әлі күнге дейін биік мінбелерде айтылып қалып жүргенін құлағымыз шалып қалып жүр. Біздің ойымызша, соңғы 20–25 жылда ешбір ЖОО өз қызметкерлеріне дәл бұлай тегін пәтер таратпаған шығар. Міне, ата-бабасынан бері бойында қайырымдылық атты асыл қасиет орын алған досымыздың оншақты жылда жүзеге асырған ірі, күрделі жобасының бірі осы болатын. Ол университеттің әкімшілік-басқару құрылымындағы жұмыстарымен қатар Тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасында профессор міндетін атқарушы лауазымын қоса атқарып келеді.

Оның қаламынан 100-ден аса еңбек, монографиялар мен оқулықтар, оқу құралдары жарық көрді. Талғат Құмарғалиұлының ғылыми еңбектері мен ұстаздық қызметі, еңбек адамы ретіндегі мәртебесі әрдайым жоғары бағаланып, лайықты марапаттарға ие болды. «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Ыбырай Алтынсарин», «Әл-Фараби» медальдарымен марапатталды, ҚР Білім және ғылым министрілігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» бәйгесінде үздік атанды. Бұл тек ол үшін ғана емес, сонымен бірге бәріміз үшін де үлкен жетістік болды. Біз досымыз үшін бәркімізді аспанға лақтырып, шын қуандық.

Бүгінде ақыл айтар жасқа келген досымыз үлгілі шаңырақтың отағасы, немерелерінің сүйікті атасы, өз әулетінің, сондай-ақ ағайын-туыстың бетке ұстар мақтанышы, тірегі болып отыр. Күнде жұмыстан шыға сала үйіне қарай асығып бара жатқан досымыз «немерелеріме ұшып барамын» деп әзілдейді. Үйден жұмысқа асығып келу және жұмыстан үйге асығып қайту – бұл да бір бақыт шығар.

Сөз соңын көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың тілек-батасымен аяқтасак дейміз. «Алпыстан аттап өтіп, жетпістен желдей есіп өткелің, сексеннен секіріп, тоқсанға тоқтамай, жүзге жеткелің. Жүзден кейінгісін көре жатарсың. Жаман сөзді айтпай, жаман жерді баспай, мұратыңа жеткелің!» Біз де осыған толық қосыламыз.

**Берекет КӘРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері.**

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

Үнемі шаршап жүру, мазасыздық, апатия, стресс, міне, осының бәрі қалқанша безінің жұмысын бұзуы мүмкін. Қалқанша безін дерттен қалай сақтау керек? Бұл туралы №26 қалалық емхананың эндокринологы Гүлайым Айгелдиева айтып берді.

**КҮЙЗЕЛІСКЕ
БЕРІЛМЕГЕН АБЗАЛ**
немесе қалқанша безін
кеселден қалай сақтаймыз?



Гипотиреоз – қалқанша безі жеткілікті гормон шығармайтын жағдай, бұл шаршауға, әлсіздікке, салмақ жоғалтуға және басқаға әкелуі мүмкін. Гипертиреоз – қалқанша безі тым көп гормон шығаратын жағдай. Зоб – бұл қалқанша безінің ұлғаюы, ол әртүрлі себептерге байланысты болуы мүмкін, соның ішінде диетада йодтың жетіспеушілігінен де болады.

«Тамақтану қалқанша безінің саулығын сақтауда маңызды рөл атқарады. Жақсы тамақтану қалқанша безінің гормондарын өндірудің маңызды элементі болып табылатын йодтың жеткілікті мөлшерін қамтуы керек. Йодқа бай тағамдарға теңіз өнімдері, сүт өнімдері және жұмыртқа жатады. Қалқанша безінің саулығын сақтауға көмектесетін ақуыз, дәрумендер мен минералдарды жеткілікті мөлшерде ішу қажет», – дейді маман.

Күйзеліс қалқанша безінің жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан стрестік жағдайлардан аулақ болу үшін йога, медитация немесе терең тыныс алу сияқты релаксация жолдарын табу маңызды. Темекі тарту да қалқанша безі ауруының даму қаупін арттыруы мүмкін. Сондықтан шылым шегуден және басқа да жаман әдеттерден аулақ болған абзал.

МӘМС

Алматылық дәрігерлер жүкті әйелге ота жасап, құрсақтағы шаранасын да аман алып қалды. Дәлірек айтсақ, Орталық қалалық клиникалық аурухана хирургтары жүктіліктің 20-шы аптасында әйелдің жатыр түтікшесінде өскен үлкен кистаны сәтті алып тастады.

**АНАНЫҢ ӨЗІ ДЕ,
ҚҰРСАҒЫНДАҒЫ
БАЛА ДА АМАН**

Клиника баспасөз қызметінің мәліметінше, 28 жастағы пациент ауруханаға «аналық безі кистасы» деген диагнозбен түскен. Соңғы кезде ісік қатты үлкейіп, диаметрі 35 сантиметрге жетіп, көлемі 9 айлық жүктілікпен теңескен.

Гинекология бөлімшесінің меңгерушісі Алматы Қоңырқұл-жиновтың айтуынша, дәрігерлер мұндай үлкен кистаны бұрын-соңды кездестірмеген.

Тәжірибелі хирург-мамандар ісік көлемі тым үлкен болғандықтан лапаротомиялық операция жасау туралы шешім қабылдаған. Ота кезінде кистадан 10 литрге жуық сұйықтық алынған.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде жасалған операция сәтті өтті. Дәрігерлер әйелдің репродуктивтік органдарын ғана емес, құрсақтағы нәрестені де сақтап қалды. Қазір олардың өміріне ешбір қауіп төніп тұрған жоқ дейді дәрігерлер.

Нұржамал ӘЛШЕВА.



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында бекітілген инвестициялық бағдарламаны және бекітілген тарифтік сметаны орындау туралы 2023 жылғы 1 жартыжылдық үшін есеп бойынша жария тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды:

Табиғи монополия субъектісінің атауы: «Алматы жылу жүйесі» ЖШС.
Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрі: жылу энергиясын беру, бөлу және тарату.
Табиғи монополия субъектісінің орналасқан жері: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221.

Тыңдалымның өтетін күні мен орны: 2023 жылғы 21 шілде, сағат 11.00.
Жария тыңдаулар Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221, 3-қабат, 319-кабинетте өткізіледі. Сонымен қатар, (ZOOM платформасында) онлайн трансляцияда жүргізіледі.

Қатысу үшін тыңдаушылар тізімін қалыптастыру үшін алдын ала жазылудан өту қажет:

- мына телефон нөмірі бойынша: +7 (727) 341-07-00, ішкі нөмірі 2201.
- мына электрондық мекенжай бойынша: r.pryanishnikov@alts.kz
- мына телефон нөмірі бойынша: +7 (727) 341-07-00, ішкі нөмірі: 5001.
- мына электрондық мекенжай бойынша: a.khairakhanov@alts.kz

Қатысушыларды тіркеу тыңдау өткізілгенге дейін 24 сағат бұрын аяқталады.

«Bilim school» ЖШС мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ана төлемі бір оқушыға жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2023 жылы – 4 140 000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8 (7172) 69-50-37, 8 (7172) 69-50-58, сайты: www.fincnenter.kz.

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Айыппұлы 2,2 млн теңгеден асқан

Айнабай
МӘДИ

«Алматыда жол қозғалысы ережесін үнемі бұзатын, айыппұлы 2 млн теңгеден асқан жүргізуші ұсталды», деп хабарлады Алматы қалалық Полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Бұл мәлімет Ресей Федерациясында тіркелген көлікке қатысты болып отыр. Автоматтандырылған бағдарламалық жүйенің мәліметінше, осы «Audi» автокөлігінің жүргізушісі аз уақытта 92 рет жол қозғалысы ережесін бұзған. Артылған айыппұлының жалпы көлемі 2,2 млн теңгеден асқан.

– Аталған бұзушылықтың барлығы қала бейнежүйелері арқылы тіркелген. Жүргізуші көбінесе жылдамдықты бұзған. Көлік «Қорғау – қауіпті жүргізуші» автоматтанды-

рылған жүйесі арқылы анықталып, тоқтатылды. Алматы полициясы жалған мемлекеттік тіркеуіш нөмірлік белгілерін пайдаланған, көлікке арнайы белгі беру құрылғысын орнатқан, көлікті мас күйінде басқарған, сондай-ақ төленбеген айыппұлы бар көлік жүргізушілерін анықтау, жауапқа тарту мақсатында жұмыстарды жүйелі жүргізуде. Жыл басынан бері «Қорғау – қауіпті жүргізуші» кеңені қала жолдарында 3501 құқықбұзушылықты анықтады», – деп мәлімдеді Алматы қалалық ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасының бас-тығы Ержан Ұзабаев.

Таяуда Алматы жолдарында жүргізушінің әрбірі айыппұлы 800 мың теңгедей заңбұзушылыққа барған шетелде тіркелген екі автокөлік тоқтатылды. Көлік иелері әкімшілік жауапқа тартылып, көліктері мамандандырылған айыппұл тұрағына жеткізілді. Алматы полициясы әкімшілік айыппұлды дер кезінде төлеу қажеттігін ескерте келе, жол қозғалысы ережесін қатаң сақтауға шақырады.

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫ

Санкция мерзімі ұзартылды

«Содыр Арман» деген атпен мәлім Арман Жұмагелдиевтің қамауға алу мерзімі ұзартылды, деп хабарлады Алматы мамандандырылған аданаралық тергеу соты.

«2023 жылғы 5 маусымда сот қаулысымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының өтініш хаты қанағаттандырылып, Жұмагелдиевке қатысты қылмыстық іс материалдарымен танысу кезеңінде оның қамауда ұстау мерзімін екі айға дейін ұзартуға санкция берілді», делінген хабарламада.

Демек, санкция мерзімі ағымдағы жылдың 7 тамызына дейін созылады. Бұдан бұрын сәуір айында да «содыр Арманның» қамауға алу мерзімі екі айға ұзартылған болатын.

А.ҚЫДЫР.

ТӘРБИЕ

Кәсіптік білім қай кезде де керек

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесі аумағында №2 кәсіптік-техникалық мектеп жұмыс істейді.

Мақсат – балалар колониясында жазасын өтеп жатқан жасөспірімдер босқа отырмай, кәсіптік білім алса деген ниет. Бұл олардың кейін бостандыққа шыққанда қоғамға, әлеуметке тез бейімделіп кетуіне, «екі қолға бір күрек табуына» даңғыл жол ашатыны сөзсіз. Қазіргі күні кәсіптік-техникалық мектеп ғимаратындағы «Құрылыс ағаш ұстасы», «Механикалық-құрастыру жұмыстарының слесары», «Металл бойынша токарь» топтарында жазасын өтеуші 36 жасөспірім оқып жатыр.

Жуырда бұл мекемеде де оқу жылы қорытындыланды. Нәтижесінде токарь мамандығын оқып, бітірген бір топ түлекке оқуды аяқтағаны туралы мемлекеттік үлгідегі сертификат берілді. Іс-шара балалардың есінде қалуы үшін салтанатты түрде атап өтілді. Кәсіптік мамандық игеріп шыққан балалар алдында кәсіптік-техникалық мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы Ж.Қасымов пен СЕҮТ аға инспекторы, әділет капитаны Т.Ниязова сөз сөйлеп, оларға ақ жол тіледі.

Токарь мамандығын бітірген 7 жазасын өтеуші жасөспірім 2-ші разрядты біліктілік бойынша мемлекеттік үлгідегі сертификат алды. Болашақта олар осы мамандығымен жұмысқа тұруына болады.

Айта кетсек, кәсіптік-техникалық мектептегі оқу кезеңі – аптасына алты күн. Сабақ мерзімі тәулігіне үш сағаттан аспайды. Өндірістік практика кәсіптік-техникалық мектептің цехтарында өтеді.

Нұр ЖАМАЛ.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Үлкен Алматы өзені тасып жатыр

Үлкен Алматы өзеніндегі күшті су сарқырамасы қала тұрғындарын қатты алаңдатып отыр. Су деңгейінің көтерілгені соншалық, кейбір жерде өзен арнасынан асып кетті.

Қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, күндізгі ауа температурасының көтерілуіне байланысты қаланың таулы аймағында қардың қарқынды еруі өзендердегі су деңгейін жоғарылатуда. Үлкен Алматы өзенінің 6 негізгі саласы бар, орташа су шығыны 4–6 текше метрді құрайды. Өзеннің өткізу қабілетін арттыру үшін қазіргі уақытта қолданыстағы жылдам ағын ашылды.

«Алдағы күндері Алматыда ыстық ауа райы сақталады. Алматының Үлкен өзеніндегі су деңгейінің көтерілуі кешкі уақыттың басталуымен дөп келеді. Осыған байланысты қалалық департамент өзен арнасына жақын дамауды ескертеді», деп хабарлады ТЖД-нің баспасөз қызметі.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ!

2023 жылғы 21 маусым, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 174 мекенжайыдағы «Алматы сән және дизайн колледжі» КМҚК-да Алматы ауданының әкімі А.Е.Жәкібаевтың халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық Мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, прокуратура қызметкерлері және аудандық басқарма өкілдері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер WhatsApp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimatalmaly, Twitter – akimat_almaly, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB-сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртекгі рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatauaqparat@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге.

ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VРУ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ЖАҢБЫРЛЫ ЖАЗ – ЖАЙЛЫ ҚЫСТЫҢ БЕЛГІСІ

Алдағы аптада бұлтты күндер жиі көрініс береді

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Маусымның 1–8 аралығындағы апта құбылмалы болды: күн де күркіреді, найзағай да ойнады, жаңбыр да жауды, аптап ыстық та болды. Салқын күндер де көрініс бермей қалған жоқ. Мұның сыры өткен пайымымызда жазғандай, «Мырза», «Елік» және «Алакүлік» амалдарының әсері.

Бүгін маусымның 10-ынан басталған «Мырза» амалы аяқталды. Осы кезде еліктер лақтап, арқарлар бұзаулады. Сонымен қатар, маусымның 9-ынан көрініс берген «тұяқ терлеп, қой күрлеп» деп аталатын «Орта бунақ» амалы жүріп жатыр. Бұл табиғаттың жылы мезгілінің басталғанын білдіретін амал.

Көшпенділердің өмірінде аспан денесі – Ай өте маңызды рөл атқарған, киелі саналған. Алдымен жіңішке орақ түрінде ғана пайда болатын Ай 7 күннің ішінде жарты Айға толысып өседі. Келесі шөгірінде (7 күн) Ай толысып шеңберге, дөңгелекке айналады. Бұны қазақ «он бесінде толған айдай» дейді. Ал енді келесі кезеңде Ай біртіндеп оң жағынан бастап кетіліп 7 күннің ішінде тағы да жартыланады – жарты Айға айналады. Осы кетілу әрі қарай жалғасып қалған 7 күннің ішінде толық мүжіліп бітеді. Бабалардың пайымдауынша, адам өмірі де Ай сияқты: жоқтан бар болып жаратылады, туады, өсіп-өнеді, толысады, бұдан соң қартаю басталып,



біртіндеп кемиді, мүжіледі, ең аяғында өліп жоқ болады...

Айдың амалдары: «Үркердің батуы». Маусым айы басталысымен Үркер мүлде көрінбей кетеді де, араға біраз уақыт салып 40 күн шілде басталады. Халқымызда «Үркер жерге түспей, жер қызбайды» деген қанатты сөз бар. Үркердің көрінбеуін халық «Үркердің жерге түсуі» деп те атайды.

«Қырық күн шілде». Маусым, шілде айында қатты ыстық болып, ол 40 күнге дейін созылады. Мұны халық «Қырық күн шілде» деп атап кеткен. Бұл күнтізбе атауының шығу тарихы осындай.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, маусымның – 15-і, ай есебіне сүйенсек, маусымның – 26-сы. Ал біздің бабалардың

есебінше, осы айдың – 2-і. Апта айдың басын, ортасын және соңын түгел қамтып тұр. Бұл осы мерзімде ауа райы құбылмалы болады дегенді білдіреді.

Ауа райы осы қалпын сақтай береді деуден аулақпыз. Аптаның басынан жауын-шашын толастап, күн ысы бастайды. Бірақ жаңбыр жаууын мүлдем тоқтатпайды. Биылғы жаз жаңбырлы болатын сыңайлы. Алатаудың басын тұмшалаған қалың қардың жуық арада еріп-бітетін сыңайы байқалмайды.

Қарға бұлт үйіріледі. Күн жылт етсе болды, көңілі босап, көбесі сөгіліп, жауын-шашын алдағы аптада да өз жалғасын табатын сыңайлы. Түнгі мезгілде керуендей созылып жатқан Құс жолы (жұлдыздар топтамасы) бірде анық көрінсе, енді бірде көзге шалына бермеуі де мүмкін. Бұл, біздің болжам, пайымымызша, жауын-шашынның әлі де бола беретінінің белгісі.

Алматыда алдағы аптада күннің қызуы күрт төмендейді, 15-14 градусқа жетуі де ғажап емес. Алайда, жаңбыр жаууын тоқтатпайды, тіпті, ара-арасында күн күркіреп, найзағай ойнайтын күндер де болады.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Табиғат құбылыстарына қарай жасалған жорамал:

- * Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.
- * Құйын көп болса, келер қыс аязды болады.
- * Найзағайлы болса, қыс жайлы болады.
- * Аңызақ ыстық қыстағы қатты аяздың белгісі.
- * Жұлдыздар жарқырап тұрса, келер күн ыстық.
- * Бұлт желге қарсы көшсе, жаңбыр жауады.
- * Өлара жазда жауын-шашын болса, қыста боран болады, келер ай шаруаға жайсыз тиеді.

САУАЛНАМА

ЖАЗДА ҚАЙДА ДЕМАЛАСЫЗ?

Рая
ЕСКЕНДІР

Жарқын жаз демалысқа да, құрылысқа да ыңғайлы мезгіл ғой. Тіпті, туған жерімізге де, алыстағы ағайынға да көбіне осы мезгілде ат басын бұрамыз. Жыл бойғы ең күрделі деген істің өзін осы жазға қалдырамыз. Тіпті, жазғы демалысты өткізудің өзі үлкен мәселедей көрінеді. Сондықтан «сіз жазда қайда демаласыз?» деген сауалды ортаға салдық.

Асылы ОСМАН,
қоғам қайраткері:

Бір серпіліп, сергіп қалдым

Мен жазғы демалысымды бастап та кеттім. Қазір қала сыртындағы шипажайда демалып жатырмын. Таза ауамен тыныстап, ем қабылдап жатқан жәйім бар. Мейірімді мейірбикелер, саусағының өзі сиқырлы дәрігер бауырларым жан-жағымнан «апайлап» жаны қалмай жатыр. Адамға осының өзі жақсы демалыс емес пе? Бір серпіліп, сергіп қалдым. Жалпы, мен бұрыннан-ақ алысқа кетіп, демалыс іздеген кісі емеспін. Маған халықтың арасында болып, шешіліп әңгіме құрған ұнайды. Сосын жасы келген адам туған жерін аңсап тұрады екен. Мен де биыл ел жаққа барып қайтсам ба деп едім. Оның сәті түспейтін сыңайлы. Күн дегенің ерекше ысып кетті. Оның үстіне оңтүстіктің жазы бұдан да зор, екі есе ыстық. Әрі үлкен кісіге алысқа жол жүру де оңай емес екен. Сондықтан биылғы жазды Алматыда өткізетін сыңайлымын.

Майра ЛІІЯСОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі:Алакөлдiң шипалы суына
шомыламын

Негізі, жазда бір демалып алған дұрыс қой. Қыста жоспарлаған жұмыстарым өте көп болып тұр. Сол шаруаларды бітіріп тастайын деп шапқылап жүрген жайым бар. Сәтін салса, немерелерімді алып, Алакөлге демалып қайтсақ па деп отырмыз. Сыртқа, шетелге кету деген жоспар жоқ. Мен үшін



Алакөлдiң шипалы суына шомылғаннан артық демалыс жоқ. Балалар да осы бастан өз елімізде демалғанды үйренсін деп, әдейі өзім бастап барғалы отырмын. Биылғы біраз өнер сапары да осы мезгілмен тұспа-тұс келіп тұр.

Мереке СМАЙЛОВА, продюсер,
«Мереке» орталығының жетекшісі:Үлкен байқауға
әзірлік үстiндеміз

Қазір біз үлкен байқауға әзірлік үстіндеміз. Екі аптадан кейін Лондонға ұшқалы отырмыз. Өнерпаз балалардың үлкен Халықаралық ән байқауына қатыспақшымыз. Шетелге шықты деген аты болмаса, бұл да дайындық, еңбекті талап етеді. Шыны керек, іштей қатты қобалжып жүрмін. Сәтін салып, бәрі ойдағыдай болса, Алакөлге барып демаламыз деп жоспарлап отырмыз.

Айнұр ӘЛІПБАЕВА,
жеке кәсіпкер:

Бір сәтке де уақыт жоқ

Қыста ойлаушы едім, «осыдан жаз шықса, анда барам,



Мүмкін күзде, күн салқындағанда демалатын болармыз.

мында барам» деп. Қайдағы... қазірдің өзінде жаздың бір айы өтіп барады. Жаз – нағыз сауданың қызатын уақыты ғой. Сондықтан бір сәтке де уақыт жоқ. Оның үстіне сауда орнымыздың көлемін ұлғайтамыз деп, құрылысты да бастап қойдық. Осы ғимаратты салып болсақ, өз өнімімізді өндіретін боламыз. Қазірдің өзінде біздің кәсіпорын шығарып жатқан өнімдерге сұраныс жоғары.

Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ,
журналист:«Сарыағаштағы»
шипажайға барамын

Біздің биылғы жазғы демалысымыз қызу қарқынмен басталды. «Қазақтың тойы бітпесін» демекші, батыстағы қайын жұртта жүрміз. Осындағы тумалардың тойлары болып, қуаныштарына ортақтасып жатқан жайымыз бар. Сосын оңтүстікке қарай ойысамыз. Төркінде де біраз қуаныштар күтіп тұр. Жылда «Сарыағаштағы» шипажайда бір мезгіл демалып қайтамын. Биыл да жазғы демалысымыздың бір-екі аптасын осында өткізуді жоспарлап отырмын.

